Р. А. Сүлейменова, А. Б. Алтыбаева, А. С. Қалиева,
Л. В. Турсунова

# ОҚУ ЖӘНЕ ТІЛ ДАМЫТУ

Зерде бұзылыстары бар балаларға
арналған арнайы мектептердің
(сыныптардың) 4-сыныбына арналған
әдістемелік құрал

Алматы
2021

**ӘОЖ 376**
**КБЖ 74.3**
**О-52**

**Сүлейменова Р. А. т.б.**
**О-52** **Оқу және тіл дамыту.** Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 4-сыныбына арналған әдістемелік құрал / Р. А. Сүлейменова, А. Б. Алтыбаева, А. С. Қалиева, Л. В. Турсунова. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2021. – 100 б.

ISBN 978-601-347-198-3

ӘОЖ 376
КБЖ 74.3

**ISBN 978-601-347-198-3**

© «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2021

# КІРІСПЕ

Оқу-әдістемелік кешен жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды «Оқу және тіл дамыту» пәніне оқытуда жаңартылған мазмұндағы бағдарламаға сүйене отырып типтік оқу жоспарымен сәйкес құрылған. Оқу-әдістемелік кешенге оқулық және әдістемелік құрал кіреді.

Оқу және тіл дамыту сабақтарының зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептің оқу-тәрбие үдерісінде алатын орны ерекше. Балалар сабақта біліммен қатар тәрбиелік жақты да алып жүруі керек.

«Оқу және тіл дамыту» пәнінің мақсаты – білім алушылардың түсінуіне қолжетімді мәтіндерді дауыстап және іштей оқуы, оқығанын түсіне қабылдау және байланыстыра сөйлеуді дамыту. Сонымен бірге оқушылардың бір-бірімен сөйлесу арқылы қарым-қатынас жасап, өз ой-пікірлерін толық жеткізе алуы.

Оқу және тіл дамыту пәнінің міндеттері:

- оқушыларда сөздердің дыбыстық құрылымын бұзбай, екпінін дұрыс қоюды сақтап, мәтінді дұрыс оқуын қалыптастыру;
- түсінуге қолжетімді мәтіндерді, шығармаларды мәнерлеп оқып, оқығанының мағынасын түсіну тәсілдерін меңгеруге ықпал ету;
- білім алушылардың оқығанын түсінуін қамтамасыз ететін ойлау үдерістерінің қарқынына сәйкес шапшаң, мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру;
- шығарманы оқу барысында балалардың сөздік қорларын толықтырып отыру. Бір-бірімен сөйлесу арқылы ойларын бөлісіп, бойларында жағымды эмоциялық ерік-жігер, тұлға қалыптастыру.

Әдістемелік құралда зерде бұзылыстары бар балаларды оқыту әдістемесі берілген. Сонымен бірге мұғалімдерге көмек ретінде күнтізбелік жоспар, оқу мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер, оқу тақырыптарының технологиялық картасы, әр оқушының тоқсан бойынша оқу жетістік картасы, әр бөлім бойынша сабақтың ақпараттық картасының үлгілері берілген. Мұғалім өз таңдауы бойынша оқушылардың білім алу мүмкіншілігін ескере отырып, өзіне қажетті әдістер мен тәсілдерді пайдаланады.

## Оқулықты оқу үдерісінде пайдалану ерекшеліктері

4-сыныпқа арналған оқулықтағы оқу материалдары жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған «Оқу және тіл дамыту» пәні бойынша Типтік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес берілген.

Оқу материалдары күнтізбелік жоспар бойынша дәйектілікпен берілген. «Оқу және тіл дамыту» пәнінің өтілуі жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның негізінде сегіз ортақ тақырып бойынша топтастырылып берілген:

1. Өзім туралы
2. Менің мектебім
3. Менің отбасым және достарым
4. Бізді қоршаған әлем
5. Саяхат
6. Салт-дәстүр. Мерекелер
7. Тағам және сусын
8. Дені саудың – жаны сау

Әр тарауда білім алушылардың мүмкіншіліктерін ескере отырып, мәтіндер мен шығармалар берілген. «Оқу және тіл дамыту» пәні бойынша 4-сыныпқа арналған оқу жүктемесінің көлемі: Аптасына – 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

Сонымен бірге оқулықтағы тапсырмалар күрделілік деңгейі бойынша бірдей емес. Тапсырмалар жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың қабылдауының жеке-дара ерекшелігін, жасын, әртүрлі деңгейдегі білімді меңгеру ерекшеліктерін ескере отырып құрылған. Тапсырмалар белгілі бір түспен, дөңгелектер арқылы көрсетілген.

Жасыл дөңгелек – күрделіліктің бірінші (төменгі) деңгейі. Мұнда оқушыларға мұғалімнің оқып, түсіндіруі бойынша қайталап айтып беру, суреттер арқылы атап көрсету, сөздерді жеңілден күрделіге қарай оқуы талап етіледі. «Өзім туралы» тарауы бойынша берілген «Гүл шоғы» мәтінін мұғалім оқып беріп түсіндіреді. Игерген жаңа білімдері негізінде мынадай тапсырма береді:

1. Берілген сурет бойынша мәтіннен түсінгеніңді өз сөзіңмен айтып бер.
2. Тапсырманы мұғалім өз бетінше балалардың мүмкіншілігін ескере отырып түрлендіріп беруіне болады.

Сары дөңгелек – күрделіліктің екінші деңгейі. Мұнда оқыған мәтіннің мазмұнын түсіну, тірек сөздердің көмегі арқылы сөйлем құрау, мұғалімнің көмегі арқылы сұрақтарға жауап беруге дағдыланады. Мысалы: «Менің мектебім»тарауы бойынша «Ұстаз болам» өлеңін өткен кезде мынадай тапсырма берілген:

1. Ұстаз сендерді неге үйретеді?
2. Өлеңді дауыстап оқы, өз сөзіңмен айтып бер.

Қызыл дөңгелек – күрделіліктің үшінші деңгейі. Бұл жерде тапсырмалар мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру, сұрақтың жауабын мәтіннен тауып оқу, оқығандары бойынша түсінгендерін айта алу, рөлге бөліп оқу түрінде құрылған. Мысалы: «Менің отбасым және достарым» тарауы бойынша берілген «Атасы мен әжесінің қызы» мәтініндегі тапсырмада:

1. Мәтін неліктен «Атасы мен әжесінің қызы» деп аталған?
2. Мәтінді әңгімелеп бер.

Оқушы тек сұрақтарға жауап беріп қоймайды, сонымен қатар мәтінді әңгімелеп береді.

Сабақ барысында күрделілік деңгейі бойынша берілген тапсырмалардың барлығын оқушы орындауға міндетті емес. Оқушы өзінің мүмкіншілігіне қарай күрделілігі 1-, 2-, 3-деңгейдегі тапсырманың тек біреуін ғана орындауға құқығы бар. Күрделіліктің үшінші деңгейіндегі (қызыл дөңгелектегі) тапсырманы орындап, толық материалды игерген жағдайда ғана оқушыға келесі деңгейдің тапсырмасын беруге болады.

Сонымен бірге әдістемелік құралда әрбір оқушының оқу жетістіктерін анықтау мақсатында жасалған жетістік картасы берілген. Мұғалім әр тоқсан сайын жетістік картасын толтырып, баланың білім деңгейінің алға қарай жылжу жетістігін бақылап отырады. Оқушының жетістік картасын толтыру арқылы білім алушының деңгейін жыл соңында қорытындылауға болады.

Мұғалім сыныптағы оқушылардың оқу деңгейін ескере отырып, тоқсан сайын жасалған жұмыстарының нәтижесінде әр оқушыға жеке портфолио жасауына болады. Жеке портфолионы жинақтау барысында оқушының жетістік картасындағы тапсырмаларын есепке алуы керек.

4-сыныпта «Оқу және тіл дамыту пәнінде» тарауды қайталау бойынша арнайы бір сағат берілген. Мұғалім оқулықтағы тап-

сырмалардың барлығын оқушыларға орындатуға міндетті емес. Балалардың білімді игеру деңгейін ескере отырып, тапсырмаларды іріктеп алуына болады. Арнайы бір сағат бөлінгендіктен, балаларға сабақты қандай түрде өткізуді және әдістерді қалай пайдалануға болатыны мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Ең бастысы, сабақта оқу мен бірге тіл дамыту жұмыстары болуы керек. Осындай жұмыстардың нәтижесінде жыл соңында мұғалім 4-сыныптың «Оқу және тіл дамыту» пәнінен игерілген білім деңгейін қорытындылайды.

## Арнайы мектептің 4-сыныбындағы зерде даму бұзылыстары бар оқушыларға оқу және тіл дамытуды оқытудың әдістемелік ерекшеліктері

Арнайы мектептердің бастауыш сыныбында «Оқу және тіл дамыту» пәні түсіндірмелі сабақтары ретінде ұйымдастырылады және оқушылардың саналы, дұрыс, мәнерлеп, жүгірте оқу дағдыларын дамыту, табиғат пен қоғам туралы бастапқы мәліметтерді хабарлау, сондай-ақ оқушыларды адамгершілік, эстетикалық тәрбиелеу міндеттерін алға қояды. Түсіндіре оқыту – үзілістер мен интонацияларды ескеру, логикалық екпін, қаратпа сөйлеу интонациясын сақтау. Әсіресе мәтіннің мазмұнын қарастыруға көп көңіл бөлінеді, түсініктер ашылып, нақтыланады, жеке сөздердің мағыналары анықталады. Жаңа сөздерді түсіндіргенде, тұрмыстағы күнделікті қолданып жүрген заттармен байланыстыра немесе суреттер, интербелсенді тақтаны пайдаланып көрсетеді.

4-сыныпта оқушылар шағын мәтіннен бастап, күрделіге қарай ауысады. Суретті тірек ете отырып, оқыған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап береді. Сонымен бірге оқылған мәтіннің мазмұнын өз бетінше айта алуы тиіс. Бұл кезеңде мұғалімнің мәтінді дұрыс оқуға аса мән беруге мүмкіндігі бар. Балаларда дұрыс оқу дағдысын қалыптастырудың тиімді жолы, қиындық тудыратын буындар мен сөздерге байланысты күнделікті жаттығу материалдары беріліп отырады.

3-сыныпта қиын сөздерді оқудан кейін, 4-сыныпта мәнерлеп оқу элементтерін меңгеруді жалғастырады. Интонациямен қатар олар үзіліс сақтап, рөлге бөліп оқуды үйренеді. Қарапайым мәтінді оқып, сұрақтарға өз бетінше жауап береді.

4-сыныпқа арналған оқулықтағы әңгімелер тілі, құрылымы, мазмұны бойынша 3-сыныпқа қарағанда күрделірек болып келеді. Бірақ қысқа әңгімелердің өзін бөлікке бөліп, мазмұнын толық қамтып айтулары керек. Әр бөлімді талдап, мазмұны бойынша жалпылама түсіндіріледі. Оқушылар оқылған негізгі ойды ұғуы керек. Әрбір жаңа бөлімді, мәтінді оқу алдында мұғалім оның мазмұны мен басты ойына назар аударатын сұрақ қояды.

4-сыныпта өтілген тақырыптарды мұғалім алдымен өзі мәнерлеп, дауыстап, түсіндіре отырып оқиды. Дауыстап оқу – арнайы мектепте кең тараған оқу түрі. Психологтердің зерттеуінше, дауыстап оқу тақырыпты түсінуге жағдай жасайды. Себебі оқушылар тақырыпты көріп қана қоймайды, қайталап, мұғалімнен кейін айтады және естиді. Дауыс мәнеріне көңіл аударып оқу, оқушылардың мәтінді түсініп оқуына көмектеседі. Мысалы: «Бізді қоршаған әлем» тарауы бойынша «Алғашқы қар» өлеңін мұғалім жаттап келуге береді. Күрделіліктің үшінші деңгейіндегі тапсырманы орындайтын оқушылардың өзі өлеңді оқи отырып, жаттай алмауы мүмкін. Себебі арнайы мектеп оқушыларының қабылдау деңгейі төмен, сондықтан да мұғалім дауыстап оқу арқылы қайталатып, жаттауға көмектеседі. Сыныпта мәнерлеп, түсінікті, дауыстап оқитын оқушыдан кейін де қайталатуға болады.

Оқушылардың дауыстап оқуын әрқашан қадағалап отыру, бірінші орында оның дұрыс оқуына жағдай жасайды. Дегенмен де, оқытудың бұл түрі әрқашан қолайлы және үнемді емес, себебі оқытудың жай түрі дауыстап оқуға қарағанда тезірек. Балаларды өмірге дайындай отырып, оқудың бұл түрін қолдана білуге үйретуіміз керек. Арнайы мектеп оқушыларына мұғалімнің көмегінсіз мәтінді оқу үлкен қиындық тудырады.

Арнайы мектеп оқушыларының өз бетінше оқып, түсінік айтуы қаншалықты қиын болса да, оны қалыптастыруға жағдай жасау керек. Оған дайындық кезеңі бірінші сыныптан бастап жүрсе де, негізгі жұмыс оқытудың үшінші жылының екінші жартысына қойылады. Онда оқушылар мәтіннен суретке сай немесе мұғалім қойған сұраққа жауап іздейді. 4-сыныпта өз бетінше оқу түрі қалыптасады. Бұған дейін оқушыларда дауыстап оқу техникасы және тұтас оқу дағдысы қалыптастырылады. 4-сыныпта өз бетінше оқу түрінің құрылымы барынша қарапайым болуы керек. Осылайша төртінші сыныпта мұғалім балалардың назарын сюжетті суретке

аудара отырып, әңгіменің бірнеше абзацын оқиды. Соңғы абзацын оқушылардың өзіне оқытады. Сөйтіп оқығандары бойынша сұрақтар қойылады.

Мәнерлеп оқуды қалыптастыру үшін жұмыстың келесі түрлері мен әдістері қолданылады:

- сөздерді, жаңылтпаштарды, тақпақтарды артикуляциялық гимнастика кезінде нақты айту;
- хормен оқу – дауыс күшінің тепе-теңдігін сақтауға жаттықтыру, мұғалімнің сөйлеу мәнерінің қарқынын көрсету;
- рөлмен оқу, мәтінді сахналау.

Арнайы мектепте оқитын балалардың «Оқу және тіл дамыту» сабақтарында жіберетін қателері:

1. Әріпті, сөзді тастап кетеді, буынды қосып оқи алмайды.
2. Кейбір буындарды, сөзді екі-үш рет қайталап оқиды.
3. Бір әріпті екінші әріппен алмастырып оқиды.
4. Сөйлемді оқығанда, оқып отырған сөзінің мағынасын түсінбейді.

Осындай қателерді болдырмас үшін мұғалім оқушылардың оқу кезінде осы қателерді есепке алып, түзету жолдарын қарастыруы керек. Мысалы: Сөздерді, әріптерді тастап кететін балаларға сөздерді буынға бөліп оқытады немесе тақтаға буындап жазып көрсетіп, дұрыс оқуын қадағалайды. Сөзге талдау жасайды, кеспе әріптерден сөзді құрастырғызады.

4-сыныпта оқу тәртібін мынадай деңгейде өткізуге болады:

1. Балаларды оқығанды тыңдауға дайындау, үйрету. Бұған жататындар: балаларды алдын ала психологиялық тұрғыдан дайындау, естігенін ұғатындай жағдай жасау, оларды ұйымдастыру.
2. Мәтінді, өлеңдерді оқығанда сюжетті суреттерді тиімді пайдалану.
3. Оқыған тақырып бойынша балалардың ойын, пікірін білу, әңгімелесу.
4. Оқыған тақырыпты өмірмен байланыстыра отырып түсіндіру.

В. Я. Василевскийдің зерттеуінде мәтінді түсіну кезінде бастауыш сынып оқушыларының ересектердің көмегінсіз оқығанын түсінуге, шығарманың негізгі ойын ұғынуға мүмкіндігі жоқ екені анықталды. Мысалы, «Дені саудың – жаны сау» тарауындағы «Бес міндет» өлеңімен танысқанда, мұғалім алдымен өлеңнің

тақырыбымен таныстыру керек. Өлеңді оқымас бұрын тақырыпты таныстырып, тақырып мағынасын түсіндіріп, сол бойынша сөздік жұмыс жүргізуі тиіс. Содан кейін ғана мұғалім өлеңді мәнерлеп оқып береді. Ал кей жағдайда керісінше, өлеңді оқып, түсіндіріп, содан кейін ғана сөздік жұмысы жүргізіледі. Сондай-ақ 4-сыныптан бастап балалардың назарын кейіпкерлердің (ашуланды, қорқытып айтты, айқалады) сөздерінің авторлық сипаттарына аудару, оларға автордың нұсқауын оқу кезінде өз бетінше анықтауды ұсыну орынды. Мәтінде берілген кейіпкерлердің сөздерін оқушыларға күнделікті тұрмыста қолданып жүрген сөздерімен түсіндіріп отыру керек. Бұл сабақтың әртүрлі кезеңдерінде жүргізілетін, оқылатын сөздік жұмысын түсіну үшін маңызды. Әрбір кезең үшін екі-төрт сөзден артық емес сөздер алынады. Әйтпесе, балалар олардың семантикасын ұғынбайды. Мәтінде үлкен мағыналық жүктемені және жаңа сөздерді мұғалім дайындық жұмысы кезінде түсіндіруіне де болады. Бірқатар сөздер дұрыс оқуға дайындық жаттығулары кезінде (1-4 сыныптар) немесе мұғалім мәтінді оқығаннан кейін сөздік жұмысының арнайы кезеңінде талданады. Басқа сөздер мәтінді оқу немесе талдау кезінде түсіндіріледі.

4-сыныпта оқу сабақтарының басты міндеті – балалардың түсініп, еркін, мәнерлі және саналы оқу дағдыларын қалыптастыру болып саналады. 3-сыныпта алған білімдерін одан әрі нығайтып толықтырады. Жалпы мектептерден арнайы түзету мектептеріндегі оқу сабақтарының ерекшелігі – арнайы мектептерде оқу сабақтары түзетушілік қызмет атқарады. Арнайы мектеп оқушыларында айтылу түзетіледі, неғұрлым тұрақты назар аударылады, есте сақтауы жетіледі, логикалық ойлаудың кейбір ақаулары түзеледі, атап айтқанда, оқиғалардың реттілігі мен байланысын, құбылыстардың себепті тәуелділігін анықтаудағы қиындықтар. Оқылған мазмұнмен жұмыс жасау үлкен дәрежеде бейнелі қабылдау кемшіліктерін түзетуге, балалардың сөздік қорын белсендіріп, дамытуға, монологиялық сөйлеу бұзылыстарын жоюға, ауызша ойлау жүйесін жетілдіруге көмектеседі.

4-сыныпта оқушылар толық сөздерді оқу дағдыларын меңгереді. Дауыссыз, дауысты дыбыстарды сөз ішінде анық, дұрыс айта білуді меңгеру барысында оқушылар кезең-кезеңмен орфоэпиялық оқуға көшеді. 4-сыныптан бастап оқушылар мазмұны жағы-

нан күрделіленген мәтіндерді оқып, оқылған мәтіннің мазмұнын мұғалімнің көмегі арқылы айтып береді. Мысалы, «Көгөністер туралы ертегі» ертегісін күрделіліктің үшінші деңгейіндегі тапсырманы орындайтын сыныптағы оқушылар оқып, мұғалімнің қойған сұрақтары негізінде мазмұнын айтып береді. Ертегі мазмұнын айту кезінде оқушылар қосымша суреттер немесе интербелсенді тақтаның көмегіне сүйенсе де болады.

Арнайы мектеп оқушыларына өздігінен оқыған материалдарды толық түсіну қиын болады, сондықтан оқылған материалдар бойынша арнайы жұмыс жүргізіледі.

4-сыныпқа арналған оқулықта тапсырмалар алдында айтып өтілген күрделілігі жағынан бірдей емес. Әр тапсырма баланың мүмкіншілік деңгейін ескере отырып құрылған. Оқулықта берілген тапсырмалар мынадай түрде болады:

1. Сурет бойынша әңгімеле.
2. Мәтіннен сұрақтың жауабын тауып оқы.
3. Өлеңге сүйеніп күз мезгілі туралы әңгімелеп бер.
4. Тірек сөздердің көмегі арқылы сөйлем құра.
5. Мәтіннің басты кейіпкері кім?
6. Мәтіндегі кейіпкерлердің сөзін рөлге бөліп оқы.
7. Мәтіндегі кейіпкердің орнында болсаң, сен не істер едің?
8. Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқып бер.
9. Өлеңнен өзіңе ұнаған шумағын жаттап ал.
10. Мәтіндегі мақалдың мағынасын түсіндір.
11. Неліктен көгөністерді адамдарға теңеген?
12. Жұмбақтардың шешуін тап.
13. Мақал-мәтелдерді түсініп оқы.
14. Жаңылтпаштардың мағынасын түсініп оқы.

Тапсырмалардың барлығын оқушылар орындауға міндетті емес. Мұғалімнің көмегімен, нұсқауы бойынша орындайды.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты 4-сыныпта барлық көркем шығармаларды мұғалім өзі оқиды, ал оқушылар оқулықты жауып, тыңдайды. Ашық оқулық оқушылардың түсінуіне кері әсер етіп, назарын аударады. Оқушылар мұғалімнің оқыған сөзін табуға тырысып немесе оқулықтағы суреттерге зейіні аударылып, мұғалімнің оқып жатқан кезіндегі мимикасы мен қимылдарын байқамай қалады. Арнайы мектептерде оқылған

мәтінге жоспар құру бойынша жұмыс 3-сыныптан басталады. 4-сыныпта сурет немесе сөздік жоспар мұғалім тарапынан үнемі көмек көрсетіліп, ұжымдық түрде құрастырылады. Әңгіме бөліктерінің тақырыптары сұрақ, әңгіме және сирек – атаулы ұсыныстар түрінде іріктеледі.

Сонымен қатар оқушылар тақырыпқа байланысты негізгі ойды мәтіннен таба білуге үйренеді. Мысалы: «Бізді қоршаған әлем» тарауы бойынша «Тапсырма» мәтінінде мынадай тапсырма берілген: Апасының Саятқа жазған тапсырмасын мәтіннен тауып оқы.

Мәтін бойынша оқушыға берілетін барлық сұрақтар мен тапсырмаларды енгізу мүмкін емес, оқулық көлеміне сыймайды. Сондықтан әдісті түрлендіру, тапсырмаларды беру мұғалімнің өз шеберлігіне, тәжірибесіне байланысты. Қазіргі кезде оқыту үдерісінде заманауи технологиялар кеңінен қолданылады. Оқушылардың қызығушылығын ояту үшін алуан түрлі тапсырмалар беруге болады. Сондықтан да оқулықта оқушылардың өз бетінше жұмыс істеулеріне арналған тапсырмалар беріліп отырады. Мұғалімнің негізгі көңіл аударатын жайы – әрбір оқушының жеке қызығушылығын ояту. Мұғалім әрбір оқушыға жеке баға беруі керек. Оқушыны бағалай отырып, мұғалім баланың сабаққа деген талпынысын, қызығушылығын арттырады.

Әрбір ұстаздың мақсаты – сабақ сапасын көтеру, түрлерін жетілдіру, сабаққа оқушының қызығушылығын арттыру. Сондай-ақ бүгінгі таңда елімізде оқыту мазмұны жаңартылып, сабақтарда озық технологияларды қолданудамыз. Сондай технологияның бір түрі – «Ойын арқылы оқыту» технологиясы.

Ұлы педагогтер, ғалымдар баланы тәрбиелеудегі ойынның рөлін жоғары бағалайды. Бала ойын арқылы өмірге енеді, табиғатпен, қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түседі, таным-түсінігін арттырады, оқу дағдысы қалыптасады. А. С. Макаренко: «Ойын балалар өмірінде өте маңызды рөл атқарады», – деп, балалар ойынын жоғары бағалаған.

Сабақты ойын түрінде жүргізу оқушылардың білімге ынта-ықыласын арттырады. Ойын арқылы ұйымдастырылған сабақ балаларға жеңіл әрі тартымды, түсінікті болады. Оқытудың түпкі мақсаты – оның сапалы болуы, яғни сабақтың түрлері мен

әдістерін, мазмұнын жетілдіруге оның әдіскерлік танымдық, білімдік, тәрбиелік қызметі мен практикалық бағытын күшейту де осы міндеттерден туындайды. Сабақты ойын түрінде өткізу – сабақтың әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір буыны. Сабақтың ойын түрін оқу үдерісінде пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезінде, қайталау сабақтарында пайдаланған тиімді. Ойын түрі сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса, оның танымдық, тәрбиелік маңызын да арттыра түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Дидактикалық ойындар барлық сыныптарда қолданылады. В. А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес».

## Арнайы мектепте көркем шығармалардың түрлерін оқыту әдістемесі

### 1. Өлеңді оқыту

Өлеңді мәнерлеп оқып, жатқа айтудың оқушылардың шығармашылық түйсігін қалыптастыруда маңызы зор.

Өлең сөздің тыңдаушыларын өзіне баурайтын сазды, әуезді, эмоциялық бояуы, үні, дыбыс әуені, мәні, табиғаты ауызекі естілгенде ғана ашылмақ. Өлең сөздің құдіретті қасиетін бала бойына ерте бастан сіңіру, зердесіне жеткізу – оқу-тәрбие ісінде үлкен мәнге ие.

Өлең сөздің ырғақ, ұйқас, бунақ, тармақ, шумақ кідірістері – қара сөзбен жазылған шығармалардан даралап тұратын белгісі. Осы ерекшеліктерді өлеңді ауызша оқығанда, жатқа айтқанда арнайы ескертеді.

Зердесі бұзылған оқушыларға берілген өлеңдер алуан түрлі болып келеді. Кейбір өлеңдер белгілі бір оқиғаға құрылса, ал енді бір тобы автордың көңіл күйіне, асқақ ойының мағынасын білдіреді. Негізгі мақсаты – ақынның айтам деген ойына оқушылардың сезімін, өрісін жеткізіп түсіндіре білу.

Өлеңдерді оқу тәртібін шамамен былайша көрсетуге болады:

1) Өлең оқылмас бұрын оның мазмұны бойынша оқушымен әңгіме өткізіледі. Бұл әңгімеде өлең ішіндегі оқушылардың ұғымына ауыр-ау деген бейнелі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы түсіндіріледі.

2) Өлеңді ырғағына келтіре мәнерлеп, алдымен мұғалімнің өзі оқып шығады. Оқу барысында балалар кітаптарын жауып, тыңдап отырады.

3) Өлең мазмұны талданады. Кейбір көлемі үлкен өлеңдер мәнерлеп оқу үшін ғана беріледі.

4) Өлеңді екінші рет қорытындылау мақсатында оқуға дайындық жұмысы жүргізіледі. Оқу техникасы (шапшаң, жай) дауыс сазы, хормен оқу, жеке оқушыға оқыту т.б. жұмыстар.

**2. Әңгімені оқыту**

Оқушылар оқыған материалының мазмұнын дұрыс қабылдап, ондағы негізгі ойды жақсы ұғыну үшін оқу сабақтарында алуан түрлі жұмыстар ұйымдастырылады. Мұндай жұмыстар оқылатын материалдың сипатына, оқушылардың жасына, дайындықтарына, білімі мен дағдылану дәрежесіне байланысты іріктеледі. Оқушылар әңгімені дұрыс қабылдау үшін, негізінен, мынадай жұмыстар жүргізіледі.

1) Әңгімені қабылдауға оқушыларды психологиялық дайындау.

2) Әңгімеге байланысты сөздік жұмысын жүргізу.

3) Әңгімені оқу.

4) Оқыған әңгіменің мазмұнын сұраққа жауап беру арқылы айту, мазмұндау.

Көркем шығарма жазушының сөзі арқылы жасаған көркем бейнесі, суреті арқылы қабылданады.

Мәтінде кездесетін жаңа сөздер мен қиын ұғымдарды түсіндіруді ұмытпағаны жөн. Әңгіменің ішіндегі түсініксіз сөздердің мән-мағынасын біліп алмайынша, оның мазмұнын ұғу балаларға өте қиынға соғады. Ал оқулықтардағы әрбір әңгімедегі осы түсініксіз болады-ау деген сөздердің барлығын теріп алып, мәтіннің аяғына сөздік ретінде бере беруге болмайды.

**3. Ертегілерді оқыту**

Оқиғасы қызықты шығармалардың бірі – ертегілер. Ол әдеби мұрамыздың ең көне түрі болса да, осы күнге дейін өскелең ұрпақ-

ты жан-жақты тәрбиелеуде маңызын жоймаған жанр. Ертегілер балалардың ең сүйікті әдеби шығармалары болып есептелінеді.

Ертегілер көбінесе, қара сөз ретінде айтылатындықтан, оны халықтың ерте заманда шығарған көркем әңгімесі деп қараймыз.

Халық әдебиетінің басқа түрлері секілді ертегілер де адам баласының еңбек – кәсіп ету, тұрмыс-тіршілік ету тәжірибесіне байланысты туған.

1. Ертегіні оқу барысында «бұл ойдан шығарылған, өмірде кездеспейді» деудің қажеті жоқ, жануарлардың сөйлемейтінін балалардың өздері де біледі, бірақ ертегіде кездесетіндерді қиялдау, олардың көңілін көтеріп армандауға үйретеді.

2. Оқушыларды кейіпкерлерге қарапайым мінездеме беруге үйретуде ертегілердің пайдасы мол. Ертегі кейіпкерлеріне берілетін мінездеме, әдетте, бір-екі айқын белгілерімен-ақ түсінікті болып келеді.

3. Ертегі балаларды жоспар жасауға үйрету үшін де өте қолайлы. Оны бөлімдерге бөлу, ат қою қандай суреттер салуға болатынын анықтау т.б.

4. Ертегілерді рөлдерге бөліп оқуда үлкен жауапкершілік керек. Бұл әдісті ертегінің мазмұнын, кейіпкерлер мінезімен танысып, содан соң қолдану қажет.

5. Кейбір ертегілерді пьесаға айналдырып, қуыршақ жасатып, сыныптан тыс сабақтарда балаларға орындатуға болады.

Ертегілер оқушылардың ой-қиялын дамытып, эстетикалық сезімдерін ұштай түсетін бірден-бір құрал болып табылады. Ертегілердің түрлері өте көп. Сол ертегілердің қай түрі болмасын баланың ой-өрісін, тілін, дүниетанымын дамытады. Сондай-ақ адамгершілікке, өз Отанын қорғай білуге, сүюге тәрбиелейді.

Ертегілерді балаларға алдымен өзіміз оқып беріп, одан кейін балалардан түсінігін сұрап, дұрыс емес жерін сұрақ қойып толықтыру арқылы да балалардың тіл байлығын, сөздік қорын арттыруға болады.

Зерде бұзылыстары бар оқушыларға тіл байлығын байытып, дүниетанымын қалыптастыратын әңгімелерді, ертегі-өлеңдерді төмендегіше іріктеп алуға болады.

1. Оларды таңдағанда, оның көлеміне назар аудару керек, қозғалмай ұзақ отыру қиынға соғады.

2. Мазмұны сабақтың тақырыбына сәйкес болған жөн.

3. Оқушыларға ертегіден түсінік айтқыза отырып, олардан ертегінің стилін сақтауды талап ету керек.

**4. Мысалдарды оқыту**

Балаларды адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуде көркем шығарманың маңызы зор. Балалардың ой-санасын дамытуға, мінез-құлқын қалыптастыруға, дүние-танымын кеңейтуге көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкердің өмірі мен іс-әрекеттері үлкен әсер етеді.

Ана тілі сабағындағы мысалдарды оқи отырып, оқушылар мәнерлеп және түсініп оқуға дағдыланады. Дауыс ырғағына көңіл бөліп, шығарманың мазмұнын ұғына білуге үйренеді. Мысалды мәнерлеп оқу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Мәнерлеп оқу оқушыларды қызықтырады, олар өз ұстазына еліктеп, мәнерлеп айтуға ұмтылады.

Әдебиеттің мысал түрінің арғы анасы – халық. Баяғы заманнан бері халық жасаған мысалдар оның керегіне жарап, күні бүгінге дейін тозбай сақталып келеді.

Бұрынғы халық мысалдарында да, онан соң туған жеке авторы бар, жазба мысалдарда көбінесе аңдар, хайуанаттар, құстар, құрт-құмырсқалар, ағаштар, тастар тағы-тағыларды адамша сендестіру, адам дәстүрінше сөйлестіру, уәждастыру арқылы береді.

Мысалдарда еңбексүйгіштік, әділдік, адалдық, қарапайымдылық сияқты жақсы қасиеттерді мадақтап, уағыздайды, жағымсыз қылықтарды мысқыл түрінде күлкі ете отырып, одан сақтандырады.

**5. Мақал-мәтел, жұмбақтарды оқыту**

Мақал – сөз анасы. Әдемі ұйқасты, үйлесімді ырғақты, қысқа да нұсқа айтылған нақыл сөздердің мәйегі. Көбінесе екі тармақтан құрылады. Бірінші тармағында ойдың түп нұсқасы пайымдалады, екіншісінде ой қорытындыланып түйінделеді. Мақал сөздер тура және ауыспалы мағынада қолданылады.

Мәтел мақалға ұқсас, бірақ мақалдай екі-үш тармақты емес, өлең сипатында құрылатын ықшамды, кестелі нақыл сөз. Ұмытылмай ұрпақтан-ұрпаққа жат өнеге, үлгі, өсиет сөздердің киелі түзілімі. Мақал-мәтелдер тақырып сайын және әр бөлім сайын оқытылады.

Жұмбақ – халық шығармаларының ең көне түрінің бірі. Ерте заманда пайда болғанымен, жұмбақ бергі заманда да, тіпті, бүгінгі біздің дәуірімізде де маңызын жойған жоқ.

Жұмбақ қазақ халқымен қатар басқа халықтардың арасында да әлі күнге өмір сүріп, дамып келеді. Жұмбақты балалардың тілін ұстарту мақсатымен оқып, жаттайды.

Халық жұмбақтарының тақырыбы өте көп. Жаратылыс дүниесі, табиғат жайы, еңбек – кәсіп құралдары, хайуанаттар мен өсімдіктер, адам және оның өмірі, өнер-білім, техника т.б. жұмбақтардың басты тақырыбы болуымен қатар, мазмұнына айналды.

Жұмбақтар, мақал-мәтелдер – сөз мәйегі, әрі қысқа, әрі нұсқа, зерде бұзылысы бар оқушылардың жаттауына да жеңіл әрі балалардың тілін дамытып, ой-өрісін өсіре түсері сөзсіз. Тиісті жерде тыныс белгілерін қойғызып, оларды сөйлем мүшелеріне талдау оқушылардың қызығушылығын туғызып, сауаттылығын арттырады.

Балалардың тіл байлығын, сөздік қорын молайтады және де сауаттылығын нығайтады.

Қорыта келе, 4-сыныпта «Оқу және тіл дамыту» пәнінде мұғалім сабақты түсіндіріп, оқушыларға білімді игерту кезінде тек қана оқыту жұмыстарын жасамай, тіл дамыту жұмыстарына да ерекше көңіл бөлгені жөн. Тыңдалым мен айтылымға назар бөлу керек, яғни ауызша сөйлеу тілін және естуді дамыту. Ол үшін мынадай жұмыстар жасалады:

**Тыңдалым және айтылым (ауызша сөйлеу тілін және фонематикалық естуді дамыту):**

- артикуляциялық жаттығулар;
- сөзді дыбыстық талдау;
- түрлі ақпаратты қабылдау;
- сұрақтар құрастыру, мазмұны бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беру;
- мәтін бөлімдерінің негізінде ұжымдық және өзіндік әңгіме құрастыру;
- диалог құру, сөйлеушінің көзқарасын қабылдау;
- бөлімдерінің негізінде ұжымдық және өзіндік әңгіме құрастыру;
- өлеңдерді, жаңылтпаштарды айту;
- ойында жаттаған өлеңдерді, жаңылтпаштарды қолдану;

- өлеңдер жаттау;
- мысалдар мен өлеңдерді мәнерлеп оқу;
- таныс оқиғаларды, ертегілерді мазмұндау.

**Оқылым:**

- оқу әрекетіне қызығушылығын арттыру;
- ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту;
- байланыстырып сөйлеу тілін дамыту;
- оқығанда тыныс белгілеріне сәйкес интонацияны сақтап оқу;
- дауыстап, іштей оқу;
- мәтінді бөлімдерге бөлу, әр бөлімді мұғалімнің көмегімен атау;
- оқылған мазмұн бойынша сұрақтарды құрастыру;
- мәтінді түсініп оқып, сұрақтарға толық жауап беру;
- мәтінді қысқаша мазмұндау.

# Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Оқу және тіл дамыту пәні, 4-сынып
Аптасына: 3 сағат, барлығы: 102 сағат

| № р/с | Ауыспалы тақырып-тар | Сабақтың тақырыбы | Оқудың мақсаттары | Сағат саны | Мер-зімі | Ес-керту |
|---|---|---|---|---|---|---|
| I тоқсан | | | | | | |
| 1 | **Өзім туралы** | **Алтын ұям – мектебім**<br>Білім күні. Өлең (Қ. Әбділдәқызы) | - Оқушыларды «Білім күні» өлеңімен таныстыру, кеңі-нен мағлұмат, мәлімет беру, сөйлем түрлерін қолдана білу, сөйлем дағдыларын қалыптастыру;<br>- балалардың танымдық ой-өрістерін биіктету;<br>- өлеңді дұрыс түсініп әңгімелеуге, өз ойларын толық жеткізуге оқушыларды бейімдеу;<br>- білім ордасын қадірлеуге, құрметтеуге тәрбиелеу. | 1 | | |
| 2 | | Гүлшоқ. Мәтін (Б. Мәжітов) | - Мәтінді мәнерлеп, түсініп оқып, сұраққа жауап беру арқылы оқушының ойлау қабілетін, сөйлеу тілін, бай-ланыстырып сөйлеуін дамыту;<br>- адам бойындағы жақсы қасиеттерді мәтіннен оқыта отырып түсіндіру;<br>- ұйымшылдыққа, ынтымақ пен бірлікке, жолдастық кө-мек көрсетуге баулу. | 1 | | |
| 3 | | Әдеп. Мәтін (Т. Қажыбаева) | - Мәтін арқылы шынайы өмірге бейімдеу, үлкендерді тыңдай білуге, оларды құрметтеуге тәрбиелеу;<br>- мәтіннен балалар бойына үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге және оларды құрметтеуге тәрбиелеу; | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | - мәтінді оқыта отырып, адам бойындағы жақсы қасиеттерді оята білу;<br>- мәтінде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып сөздік қорларын кеңейту. | | | |
| 4 | | Достар. Мәтін<br>(М. Төрежанов) | - Мәтінді түсініп оқуға дағдыландыру, сұрақ қою арқылы мазмұндап айтуға машықтандыру;<br>- мәтінді саналы оқу арқылы ойлау қабілетін дамыту;<br>- керекті сөздерді қолданып, мақалдың мағынасын ашу арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамыту;<br>- адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу;<br>- мәтінге сүйене отырып оқушы бойындағы жақсы қасиетті, адал достықты қалыптастыру. | 1 | | |
| 5 | | Абзал. Мәтін<br>(Б. Әдетов) | - Мәтінді түсініп оқуға дағдыландыру, сұрақ қою арқылы мазмұндап айтуға машықтандыру;<br>- мәтінді саналы оқу арқылы ойлау қабілетін дамыту;<br>- үлкендерді тыңдай білуге, оларды құрметтеуге тәрбиелеу;<br>- мәтіннен балалар бойына үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге және оларды құрметтеуге тәрбиелеу. | 1 | | |
| 6 | | Өтірік өрге бастырмас. Мәтін<br>(Д. Мамырбаева) | - Оқушыларды мәтін мазмұнымен таныстыра отырып негізгі ойын ашқызу;<br>- өтіріктің өрге баспайтыны туралы түсіндіру;<br>- мәтін арқылы шынайы өмірге бейімдеу, үлкендерге ешқашан өтірік айтпау және оларды тыңдай білуге, оларды құрметтеуге тәрбиелеу | 1 | | |
| 7 | | Рақмет. Өлең<br>(М. Ерімбетов) | - Өлеңді жатқа айту арқылы оқушының есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Жаңылтпаш айту арқылы сөйлеу тілін дамыту.<br>- адамгершілік, достық, жолдастық қасиеттеріне баулу, тәрбиелеу. | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | | Тарауды қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар | - Оқушылардың тараудағы алған білімдерін қайталай отырып білімдерін бекіту;<br>- оқушыларды іс-әрекеті арқылы алған теориялық мысалдар мен деңгейлік тапсырмалар арқылы жетілдіру;<br>- тарау бойынша алған білімдерін ойын арқылы дамыту, өз бетінше орындау дағдыларын қалыптастыру, топпен жұмыс жүргізу арқылы әр оқушының дербестігін арттыру;<br>- тарау тақырыптарын түсіндіру кезінде сөздер мен сөйлемдердің тәрбиелік мәніне көңіл бөле отырып, оқушыны сауаттылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу, топпен жұмыс істеу арқылы ұйымшылдыққа, ынтымақ пен бірлікке, жолдастық көмек көрсетуге баулу. | 1 | | |
| 9 | | **<u>Күз – береке</u>**<br>Күз. Өлең<br>(Қ. Мырза Әлі) | - Оқушылардың күз туралы түсініктерін молайту;<br>- буындап, сөздерді тұтас оқу дағдысын қалыптастыру;<br>- сұрақтарға толық жауап беруін дамыту;<br>- тірек сөздер арқылы сөйлем құрау,<br>күзгі табиғат көріністерін сипаттап беру арқылы, тақырып бойынша сөздікпен жұмыс жүргізу арқылы сөздік қорын дамыту. | 1 | | |
| 10 | | Бұлбұл мен тоқылдақ. Мысал<br>(Ш. Смақанұлы) | - Күзгі бақтағы табиғатта болатын өзгерісті сипаттап айту арқылы байланыстырып сөйлеуін дамыту;<br>- бұлбұл мен тоқылдақ жайлы мағлұмат беру арқылы олардың айырмашылығын ұғыну. | 1 | | |
| 11 | | Қараша. Өлең<br>(Қ. Төреқожа) | - Оқушылардың күз туралы түсініктерін молайту, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін байқату, күз айларын атай білуін дамыту;<br>- сөз қорларын байытып, ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру;<br>- табиғатты аялауға, өсімдікті көре білуге, сезіне білуге тәрбиелеу. | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 12 | | Бозша торғай. Мәтін (Н. Ғабдуллин) | - Оқушыларды мәтін мазмұнымен таныстыра отырып, негізгі ойын ашқызу және жаттығу жұмыстары арқылы заттың қимылын білдіретін сөздерді меңгерту;<br>- ой-өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін қалыптастыру және ізденімпаздыққа баулу, сөздік қорларын байыту;<br>- табиғатты аялауға, құстарды қорғауға тәрбиелеу. | 1 | | |
| 13 | | Түлеп ұшқан өрмекшілер. Мәтін (С. Қалиев) | - Мәтіндерде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып, сөздік қорларын кеңейту;<br>- есте сақтау, ойлау қабілетін қалыптастыру және ізденімпаздыққа баулу, сөздік қорларын байыту;<br>- тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. | 1 | | |
| 14 | | Ізбасар. Мәтін (Ж. Әлмешов) | - Әңгіме арқылы өмірге бейімдеу, үлкендерге көмекке келуге тәрбиелеу;<br>- баланың бойындағы жақсы қасиеттерді мәтіннен оқыта отырып түсіндіру;<br>- мәтіндерде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып, сөздік қорларын кеңейту. | 1 | | |
| 15-16 | | Күзгі орман көріністері. Мәтін (Е. Салықов) I – II бөлім | - Күзгі орман тіршілігінен түсініктер беру, орман тіршілік иелерінің тірлігі туралы білімін кеңейту, орманның байлық екенін меңгерту;<br>- табиғатты қорғауға, аялауға және адамгершілікке тәрбиелеу;<br>- өз бетімен жұмыс жасауға баулу. Ойын, қиялын, тілін дамыту, зейінін тұрақтату, шығармашылық қабілетін жетілдіру, шыңдау. | 2 | | |
| 17 | | Инелік пен тиін. Мәтін (Т. Жексенбай) | - Мәтіндерде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып, сөздік қорларын кеңейту;<br>- жұмбақ шешу арқылы ойлау қабілетін дамыту; | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | - сурет бойынша берілген тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. | | | |
| 18 | | Тарауды қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар. | - Оқушылардың тараудағы алған білімдерін қайталай отырып білімдерін бекіту;<br>- оқушыларды іс-әрекеті арқылы алған теориялық мысалдар мен деңгейлік тапсырмалар арқылы жетілдіру;<br>- тарау бойынша алған білімдерін ойын арқылы дамыту, өз бетінше орындау дағдыларын қалыптастыру, топпен жұмыс жүргізу арқылы әр оқушының дербестігін арттыру;<br>- тарау тақырыптарын түсіндіру кезінде сөздер мен сөйлемдердің тәрбиелік мәніне көңіл бөле отырып, оқушыны сауаттылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу, топпен жұмыс істеу арқылы ұйымшылдыққа, ынтымақ пен бірлікке, жолдастық көмек көрсетуге баулу. | 1 | | |
| 19 | **Менің мектебім** | Ақылшым – мұғалім. Өлең (Ә. Дүйсенбиев) | - Өлең арқылы мұғалімдерді сыйлауға, құрметтеуге, әрдайым айтқанын тыңдауға және үлкендерге көмекке келуге, кішілерді құрметтеуге тәрбиелеу;<br>- өлеңде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып сөздік қорларын кеңейту;<br>- сурет бойынша берілген тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. | 1 | | |
| 20 | | Оқуға шақыру. Өлең (А. Байтұрсынов) | - Өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіру, негізгі ойды ұғындыру;<br>- мәнерлеп түсініп оқу дағдыларын дамыту;<br>- оқуға, білімге, ізденуге, еңбексүйгіштікке баулу. | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 21 | | Мен емес, шеге жыртты. Мәтін (С. Бегалин) | - Мәтінді оқып, мазмұнын түсіндіру, негізгі ойды ұғындыру;<br>- мәнерлеп түсініп оқу дағдыларын дамыту;<br>- сурет бойынша берілген тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту;<br>- оқушыларды адалдыққа, пәктікке, адамгершілікке тәрбиелеу. | 1 | | |
| 22 | | Оқу. Мәтін (Е.Өтетілеуов) | - Оқуға деген ынтасын ашу, қызығушылығын аттыру;<br>- мәтін арқылы шынайы өмірге бейімдеу, үлкендерді тыңдай білуге, оларды құрметтеуге тәрбиелеу;<br>- адам бойындағы жақсы қасиеттерді мәтіннен оқыта отырып түсіндіру;<br>- мәнерлеп, түсініп оқу дағдысын дамыту. | 1 | | |
| 23 | | Ұстаз болам. Өлең (Ә. Табылды) | - Өлеңді жатқа айту арқылы оқушының есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Жұмбақ шешу арқылы сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту;<br>- оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру;<br>- ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрету. | 1 | | |
| 24 | | Тарауды қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар | Оқушылардың тараудағы алған білімдерін қайталай отырып, білімдерін бекіту;<br>- оқушыларды іс-әрекеті арқылы алған теориялық мысалдар мен деңгейлік тапсырмалар арқылы жетілдіру;<br>- тарау бойынша алған білімдерін ойын арқылы дамыту, өз бетінше орындау дағдыларын қалыптастыру, топпен жұмыс жүргізу арқылы әр оқушының дербестігін арттыру; | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | - тарау тақырыптарын түсіндіру кезінде сөздер мен сөйлемдердің тәрбиелік мәніне көңіл бөле отырып, оқушыны сауаттылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | |
| II тоқсан | | | | | | |
| 25 | **Менің отбасым және достарым** | Сүйкімді Ботагөз. Мәтін<br>(М. Бақтыбаева) | - Мәтіндерде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып, сөздік қорын молайту;<br>- мәтінді оқуға дағдыландыру, сұрақ қою арқылы мазмұндап айтуға машықтандыру;<br>- мәтінді түсініп оқу арқылы ойлау қабілетін дамыту;<br>- адамгершілік қасиеттерін дамыту, тәрбиелеу. | 1 | | |
| 26 | | Ұялғаным-ай!<br>Өлең<br>(Ш. Сәниев) | - Өлеңді түсініп оқу арқылы тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>- Адам бойындағы жаман және жақсы қасиеттерді өлең жолдарын оқыта отырып түсіндіру.<br>- Өлеңде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып сөздік қорын кеңейту, сөйлеу тілін дамыту. | 1 | | |
| 27 | | Қызғаныштың кесірі. Мәтін<br>(Г. Әзімбаева) | - Мәтіндерде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отыра сөздік қорларын кеңейту;<br>- сурет бойынша берілген тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. | 1 | | |
| 28 | | Айтшы, әжетай.<br>Өлең (Ж. Смақов) | - Оқушыларға туыстық қарым- қатынастар, туыстық атаулар мен мамандық түрлері жайлы мағлұмат бере отырып, сөйлеу дағдыларын жетілдіру;<br>- оқушылардың саналы түсініп, оқу қабілеттерін дамыту, туысқандарға деген мейірімділік қасиеттерін, әңгімелеу, еске сақтау, ойлау дағдыларын қалыптастыру;<br>- үлкенді сыйлап, құрметтеуге, сыйластыққа, қайырымдылыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу. | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 29 | | Ендеше. Өлең (Қ. Баянбай) | - Өлеңді оқи отырып талдау;<br>- оқушылардың тіл байлығын дамыту, сөйлеу тілін қалыптастыру;<br>- өлеңде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып сөздік қорларын кеңейту;<br>- адамгершілікке, үлкенді құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. | 1 | | |
| 30 | | Асыл әдет. Мәтін (Ә. Нұршайықов) | - Әңгіме арқылы өмірге бейімдеу, үлкендерге көмекке келуге тәрбиелеу;<br>баланың бойындағы жақсы қасиеттерді мәтіннен оқыта отырып, түсіндіру;<br>- мәтіндерде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып, сөздік қорларын кеңейту;<br>- тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. | 1 | | |
| 31 | | Суретші. Өлең (Ф. Оңғарсынова) | - Өлең жолдарын оқыта отырып, адам бойындағы сурет салуға немесе басқаға деген қызығушылықтарын ояту;<br>- өлеңде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып, сөздік қорларын кеңейту. | 1 | | |
| 32 | | Құдық басында. Мәтін (Ә. Шынбатыров) | - Мәтін арқылы шынайы өмірге бейімдеу, үлкендерді тыңдай білуге, оларды құрметтеуге тәрбиелеу;<br>- бүтін сөздерді қолданып оқу, ал қиын сөздерді оқығанда, буындап оқуды қолдану;<br>- мақал-мәтелдерді оқыту арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамыту.<br>Мәтінді мәнерлеп, түсініп оқу. | 1 | | |
| 33 | | Кішіге қамқор бол. Өлең (Б. Ысқақов) | - Кішілерге қамқорлық жасауға тәрбиелеу;<br>- адам бойындағы жаман және жақсы қасиеттерді өлең жолдарын оқыта отырып түсіндіру; | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | - өлеңде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып, сөздік қорларын кеңейту. | | | |
| 34 | | Әже әңгімелері. Мәтін (М. Әуезов) | - Мәтіндерде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып, сөздік қорын молайту;<br>- мәтінді оқуға дағдыландыру, сұрақ қою арқылы мазмұндап айтуға машықтандыру;<br>- мәтінді түсініп оқу арқылы ойлау қабілетін дамыту;<br>- мәтінге сүйене отырып оқушы бойындағы жақсы қасиетті қалыптастыру. | 1 | | |
| 35 | | Атасы мен әжесінің қызы. Мәтін (Н. Қадырбаев) | - Мәтіннің мағынасын түсіндіре отырып, сөздік қорын молайту;<br>- жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып, сөздік қорларын кеңейту;<br>- балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұрауға және сұраққа жауап беру білігін дамыту. | 1 | | |
| 36 | | Дидар мен қуыршақ. Өлең (С. Сейітов) | - Өлеңдерді мәнерлеп оқуға, мазмұнын жүйелі айта білуге, өлеңнің негізгі ойын тауып, үйрету;<br>- ой-өрісін дамыту, өздігінен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту, өз ойларын ашық айта білуге, дұрыс қорытынды жасай білуге үйрету;<br>- оқыған өлең бойынша қойылған сұрақтарға толық және түсінікті жауап бере білу. | 1 | | |
| 37 | | Тарауды қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар | Оқушылардың тараудағы алған білімдерін қайталай отырып білімдерін бекіту;<br>- оқушылардың іс-әрекетін алған теориялық мысалдар мен деңгейлік тапсырмалар арқылы жетілдіру; | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | - тарау бойынша алған білімдерін ойын арқылы дамыту, өз бетінше орындау дағдыларын қалыптастыру, топпен жұмыс жүргізу арқылы әр оқушының дербестігін арттыру;<br>- тарау тақырыптарын түсіндіру кезінде сөздер мен сөйлемдердің тәрбиелік мәніне көңіл бөле отырып, оқушыны сауаттылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу, топпен жұмыс істеу арқылы ұйымшылдыққа, ынтымақ пен бірлікке, жолдастық көмек көрсетуге баулу. | | | |
| 38 | **Бізді қоршаған әлем** | Алғашқы қар. Өлең (М. Жаманбалинов) | - Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қардың қасиеттерімен таныстыру, ақ ұлпа қар туралы түсініктерін кеңейту;<br>- тіл байлықтарын есте сақтау, сөздік қорын молайту, ойлау қабілеттерін дамыту;<br>- балаларды тазалыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | 1 | | |
| 39 | | Қасқыр қысты қалай өткізеді? Мәтін (М. Дулатов) | - Мәтінді түсініп оқып, сұраққа жауап беру арқылы мазмұнын ашу;<br>- жануарлардың қысқы тіршілігі туралы ұғымдарын кеңейту, әңгімелеу, логикалық ойлау қабілеттерін, дағдыларын дамыту;<br>- табиғат сырын ұғынып, байқағыш болуға тәрбиелеу. | 1 | | |
| 40 | | Жәндіктер қысқа қалай қамданады? Мәтін (Ж. Аймауытов) | - Оқушылардың мәтін, мәтіндегі ой, оның аты туралы түсініктерін кеңейту;<br>- оқу дағдыларын жетілдіру, байланыстырып сөйлесуін дамыту;<br>- оқушыларды табиғатты қорғауға, сақтауға тәрбиелеу. | 1 | | |
| 41 | | Намыс. Мәтін (Е. Өтетілеуов) | - Қыс мезгіліне тоқталу. Қыс мезгіліндегі табиғатты талқылау. Қыс мезгіліндегі болатын өзгерісті сипаттап айтып беру арқылы жыл мезгілдері туралы білімін кеңейту; | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | - қиын сөздерді оқығанда, буындап оқуды қолдану арқылы оқу дағдысын дамыту;<br>- суретті тірек ете отырып, мәтінді әңгімелеу арқылы сөздік қорын дамыту. | | | |
| 42-43 | | Сырғанақта. Мәтін (Б. Соқпақбаев) I – II бөлім | - Қыс мезгілі туралы балалардың түсінігін кеңейту;<br>- қыс мезгілінің ерекшеліктерін бақылау;<br>- балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыру;<br>- бір-бірін ренжітпеуге, әрдайым көмектесуге, адал дос бола білуге тәрбиелеу;<br>- адамгершілік қасиеттерін дамыту, құрметтеуге тәрбиелеу;<br>- ұйымшылдыққа, ынтымақ пен бірлікке, жолдастық көмек көрсетуге баулу. | 2 | | |
| 44 | | Пиманың кесірі. Мәтін (Ж. Дәуренбеков) | - Мәтінді түсініп оқуға дағдыландыру, сұрақ қою арқылы мазмұндап айтуға машықтандыру;<br>- мәтінді саналы оқу арқылы ойлау қабілетін дамыту;<br>- үлкендерді тыңдай білуге, оларды құрметтеуге тәрбиелеу;<br>- үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге және оларды құрметтеуге тәрбиелеу. | 1 | | |
| 45 | | Қар қандай? Мәтін. («Балдырған» журналынан.) | - Оқушыларға қардың қалай, неден пайда болатыны туралы алғашқы түсінік қалыптастыру;<br>- оның құрамы қандай, қардың қандай түрлері бар екенін және қар туралы қызықты мәліметтер айту;<br>- оқушылардың қар туралы білетіндерін айтқыза отырып, байланыстырып сөйлеуін дамыту;<br>- қар деген не екенін, түрін, қасиетін, құрамын білу;<br>- оқушылардың өз ойларын жеткізе білу дағдыларын жетілдіру, сөздік қорларын кеңейту;<br>- табиғатты қорғауға, сүюге тәрбиелеу. | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 46 | | Жаңа жыл қарсаңында. Мәтін (В. Никитин) | - Қыс мезгіліндегі мерекелер жайлы білімдерін кеңейту;<br>- сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорларын нығайту; эстетикалық тәрбие беру. | 1 | | |
| 47 | | Жаңа жыл. Өлең (С. Әлімқұлов) | - Оқушылармен «Жаңа жыл» тақырыбында әңгімелесу;<br>- мейрам, мереке, тойлау туралы түсініктерін кеңейту.<br>- жаңа сөздер арқылы лексикалық қорын кеңейту;<br>- тапсырмаларды орындау арқылы білімдерін молайту;<br>- оқушылардың өзіндік ойлау белсенділігі мен танымдық қызығушылығын дамыту;<br>- оқушыларды ұқыптылыққа, тазалыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. | 1 | | |
| 48 | | Тарауды қайталауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар | «Бізді қоршаған әлем» тарауы бойынша өтілген материалдарды пысықтап, бекіту;<br>- қыс мезгіліндегі табиғатта болатын өзгерістерді өз сөздерімен айтып беруін дамыту;<br>- өтілген материалдарды қайталай отырып, өз ойларын қорытындылай білуге үйрету;<br>- білім алуға, алған білімдерін ұштастыра білуге тәрбиелеу;<br>- сабаққа деген қызығушылығын ояту, ойларын дамыту;<br>- тарау бойынша алған білімдерін ойын арқылы дамыту, өз беттерінше орындау дағдыларын қалыптастыру. | 1 | | |
| III тоқсан | | | | | | |
| 49 | | Қыста құстар қадірлі. Өлең (Е. Елубаев) | Өлең жолдарын оқи отырып, қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін кеңейту;<br>- табиғатты сүюге, құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу; | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | - құстар туралы өлеңді оқу барысында, әртүрлі сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорын, ой-өрістерін дамыту;<br>- жаңылтпаш оқу арқылы сөйлеу тілін дамыту. | | | |
| 50 | | Қар. Мәтін<br>(С. Әбдірайымұлы) | - Оқушыларға қардың қалай, неден пайда болатыны туралы алғашқы түсінік қалыптастыру;<br>- оның құрамы қандай, қардың қандай түрлері бар екенін және қар туралы қызықты мәліметтер айту;<br>- оқушылардың қар туралы білетіндерін айтқыза отырып, байланыстырып сөйлеуін дамыту;<br>- қардың не екенін, түрін, қасиетін, құрамын білу;<br>- оқушылардың өз ойларын жеткізе білу дағдыларын жетілдіру, сөздік қорларын кеңейту;<br>- табиғатты қорғауға, сүюге тәрбиелеу. | 1 | | |
| 51 | | Қыс күні. Өлең<br>(Т. Молдағалиев) | -Балалармен қыс мезгілінің ерекшеліктерін еске түсіре отырып, сурет бойынша әңгіме құру дағдысын қалыптастыру;<br>- қыс мезгілінің табиғатын бала қиялымен ұштастыру арқылы байланыстырып сөйлеуді арттыру;<br>- балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту;<br>- ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. | 1 | | |
| 52 | | Сәтсіз саяхат.<br>Мәтін<br>(Н. Сералиев) | - Мәтінде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып, сөздік қорын молайту;<br>- мәтінді оқуға дағдыландыру, сұрақ қою арқылы мазмұндап айтуға машықтандыру;<br>- мәтінді түсініп оқу арқылы ойлау қабілетін дамыту;<br>- адамгершілік қасиеттерін дамыту, тәрбиелеу;<br>- мәтінге сүйене отырып оқушы бойындағы жақсы қасиетті қалыптастыру. | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 53 | | Орман емшілері (М. Зверев) | - Құстар, құстардың тіршілігі туралы баяндау;<br>- құстар туралы жұмбақтар шешу арқылы қызығушылығын арттыру. Құстарды қорғауға деген сезімін арттыруға жетелеу;<br>- оқушыларға экологиялық тәрбие беру, яғни құстарды қорғауға, оларға тиіспеуге, ұя жасап қарсы алуға тәрбиелеу. | 1 | | |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ тілі пәнімен байланыс: сурет бойынша сөйлем құрау.<br>Дене тәрбиесі пәнімен байланыс: дене шынықтыру сабағында денсаулықтарын нығайту, жаттығу түрлерін жасау. |
| **Алға қарай кету** | Мәтінді оқығанда мағынасын түсініп оқу. Дауыстап және іштей оқуға үйрету, дағдыландыру. Тыныс белгілеріне сәйкес оқығанда интонацияны сақтау. Оқыған мәтіндері бойынша түсінгендерін мұғалімнің жетекші сұрақтары арқылы айтып беру. |
| **Құралдар** | Көрнекі суреттер, интербелсенді тақта, жаңа технологиялық құралдар, спорттық құралдар. |

*4-қосымша*

## «Оқу және тіл дамыту» пәні бойынша оқу жетістігінің картасы

**_____________ сынып оқушысы** **Оқушының аты, тегі ________**

| | Әріптерді таниды, дыбысталуы бойынша атайды | Сөзді әріптеп оқиды | Сөздерді буындап оқиды | Сөзді тұтас оқиды | Оқығанын түсінеді | Сюжетті сурет бойынша әңгімелейді | Өтілген тақырып бойынша қойылған сұраққа жауап береді | Өз бетінше оқығанын әңгімелейді |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1-тоқсан.<br>«Өзім туралы»,<br>«Менің мектебім» | | | | | | | | |
| 2-тоқсан.<br>«Менің отбасым және достарым»,<br>«Бізді қоршаған әлем» | | | | | | | | |
| 3-тоқсан.<br>«Саяхат», «Салт-дәстүр. Мерекелер» | | | | | | | | |
| 4-тоқсан.<br>«Тағам және сусын»,<br>«Дені саудың – жаны сау» | | | | | | | | |
| Жылдық қорытынды | | | | | | | | |

*5-қосымша*

## «Оқу және тіл дамыту» пәні бойынша оқушының жетістігі туралы үлгілік кесте

**Тақырыбы: Білім күні. Өлең (Қ. Әбілдақызы)**

**Оқушының аты-жөні:** ______________________________

| Біледі | Түсінеді | Қолданады | Күні | Қосымша мәлімет үшін |
|---|---|---|---|---|
| 1. Әріптерді танып, буындап оқи алады.<br>2. Сурет бойынша сұрақтарға жауап бере алады.<br>3. Сұрақтарға бір сөзбен жауап бере алады.<br>4. Өлеңді оқу барысында тыныс белгілерге тоқтап, мәнерлеп оқиды. | 1. Оқып отырған сөйлемнің мағынасын түсінеді.<br>2. Сұрақтарға толық жауап бере алады.<br>3. Дауыс ырғағымен өлеңді оқи алады. | 1. Қазақ тілі сабағында өтілген ережелерді еске түсіре отырып, өлең оқуда пайдалана алады.<br>2. Өлеңді оқығанда түсініп және мәнерлеп оқиды. | | |

## «Оқу және тіл дамыту» пәні бойынша оқушының жетістігі туралы үлгілік кесте

**Тақырыбы: Әдеп (Т. Қажыбаева)**
**Оқушының аты-жөні:**________________________________

| Біледі | Түсінеді | Қолданады | Күні | Қосымша мәлімет үшін |
|---|---|---|---|---|
| 1. Мәтінді түсініп оқиды.<br>2. Мәтін бойынша мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап бере алады.<br>3. Күз мезгілінің айларын атайды.<br>4. Күзгі табиғат өзгерістерін біледі. | 1. Мәтін бойынша оқыған сөйлемінің мағынасын толық түсіне алмайды.<br>2. Сөйлемді оқу барысында сөздерді тастап оқиды. | 1.Сөздерді буындап оқиды.<br>2. Берілген жұмбақтың шешуін табады.<br>3. Сурет бойынша сөйлем құрайды. | | |

## «Оқу және тіл дамыту» пәні бойынша оқушының жетістігі туралы үлгілік кесте

**Тақырыбы: Ақылшым – мұғалім (Ә. Дүйсенбиев)**
**Оқушының аты-жөні:** ________________________________

| Біледі | Түсінеді | Қолданады | Күні | Қосымша мәлімет үшін |
|---|---|---|---|---|
| 1. Өлеңді мәнерлеп оқиды.<br>2. Өлең мазмұны бойынша мұғалімнің қойған сұрақтарына толық жауап бере алады.<br>3. Өз мұғалімінің аты-жөнін айтады. | 1. Өлең бойынша оқыған сөйлемінің мағынасын толық түсіне алмайды.<br>2. Сұраққа толық жауап бере алмайды. | 1. Сөздерді буындап оқиды.<br>2. Берілген сұрақтарға мұғалімнің көмегімен жауап береді.<br>3. Сурет бойынша сөйлем құрайды. | | |

## «Оқу және тіл дамыту» пәні бойынша оқушының жетістігі туралы үлгілік кесте

**Тақырыбы: Оқу (Е. Өтетілеуов)**

**Оқушының аты-жөні:**_______________________________

| Біледі | Түсінеді | Қолданады | Күні | Қосымша мәлімет үшін |
|---|---|---|---|---|
| 1. Мәтінді рөлге бөліп оқиды.<br>2. Сурет бойынша сұрақтарға жауап бере алады.<br>3. Сұрақтарға бір сөзбен жауап бере алады.<br>4. Мәтін мазмұнын әңгімелеп бере алады. | 1. Оқып отырған сөйлемнің мағынасын түсінеді.<br>2. Сұрақтарға толық жауап бере алады.<br>3. Сұрақтың жауабын мәтіннен тауып оқиды. | 1. Берілген жұмбақтың шешуін табады.<br>2. Сурет бойынша сөйлем құрайды. | | |

## «Оқу және тіл дамыту» пәні бойынша оқушының жетістігі туралы үлгілік кесте

**Тақырыбы: «Ұялғаным-ай!» (Ш. Сәниев)**

**Оқушының аты-жөні**:_______________________________

| Біледі | Түсінеді | Қолданады | Күні | Қосымша мәлімет үшін |
|---|---|---|---|---|
| 1. Өлеңді мәнерлеп оқиды.<br>2. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға толық жауап бере алады.<br>3. Оқып отырған өлең мағынасын түсінеді. | 1. Өлең бойынша оқыған сөйлемінің мағынасын толық түсіне алады.<br>2. Сурет бойынша өз ойын толық жеткізе алады. | 1. Сөздерді буындап оқиды.<br>2. Берілген сұрақтарға мұғалімнің көмегімен жауап береді.<br>3. Сурет бойынша сөйлем құрайды. | | |

_______________________________

*(білім беру ұйымының атауы)*

## Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар

Гүлшоқ. Б. Мәжітов

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім** | Өзім туралы | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Мектеп туралы суреттер арқылы байланыстырып, сөйлеу қабілеттерін қалыптастырып бекіту.<br>Оқыған өлең бойынша қойылған сұрақтарға толық және түсінікті жауап бере білу. | |
| **Сабақтың мақсаты** | - Оқушыларды «Гүлшоқ» мәтінімен таныстыру.<br>- Балалардың танымдық ой-өрістерін биіктету.<br>- Мәтінді дұрыс түсініп әңгімелеуге, өз ойларын толық жеткізуге оқушыларды бейімдеу.<br>- Білім ордасын қадірлеуге, құрметтеуге, Отанды сүюге, ұлтжандылыққа бейімдеу. | |

| Сабақтың барысы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Ұйымдастыру кезеңі** | Психологиялық дайындық<br>Мейірімді жүрекпен,<br>Ақпейілді тілекпен,<br>Амандасып алайық,<br>Бір жадырап қалайық. | Оқушылар шеңберде жиналып, мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді. | Бүгінгі сабақтағы қатысқан оқушыларды жинаған жұлдызшалары арқылы бағалау. | Көрнекі суреттер, интербелсенді тақта, жаңа технологиялық құралдар |
| **Үй тапсырмасы. Өткен сабақты еске түсіру, бекіту** | «Білім күні» өлеңі.<br>Өлеңді мәнерлеп оқыту.<br>Өлең бойынша берілген сұрақтарға жауап беру.<br>Төмендегі тірек сөздерді қолданып<br>сөйлемдер құрату.<br>Тірек сөздер: оқушы, мектеп, ұстаз, алғашқы қоңырау.<br>Суретке қарап оқушылардың алғашқы қоңырауға қалай келгенін өз сөзіңмен айт. | Өлеңді мәнерлеп оқиды.<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға толық жауап береді.<br>Оқып отырған өлең мағынасын түсініп, айтады. | | |
| **Жаңа білім** | **«Гүлшоқ»**<br>Оқушыларға мәтіннің тақырыбын оқып беріп, түсіндіріп кету.<br>*Гүлшоқ* сөзінің мағынасын түсіндіру. | 1-деңгей<br>- сөздерді буындап оқиды;<br>- суреттегі заттарды танып, сөзді айтады;<br>- алфавиттегі әріптерді таниды;<br>- жеңіл сөздерді, бір буынды сөздерді оқи алады; | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Мәтінді мұғалім оқып береді.<br>Оқушыларға оқулықтарын жапқызып, артық заттарды алып тастайды.<br>Мұғалім мәтінді оқып болғаннан кейін, оқығаны бойынша мәтіннің мазмұнын айтады.<br>Сөздік жұмысын жүргізу. | - сөз ішіндегі әріптерді таниды;<br>- күз айларын жатқа біледі.<br>2-деңгей<br>- бүтін сөздерді қолданып оқиды;<br>- қиын сөздерді буындап оқиды;<br>- мұғалімнің қойған сұрақтарына жетекші сөздердің көмегімен жауап береді;<br>- мазмұнды суреттер бойынша мұғалімнің көмегі арқылы әңгімелейді;<br>- өлеңді мұғалімнің айтуы бойынша қайталап, жаттай алады.<br>3-деңгей<br>- буындап қосып оқиды;<br>- сөздерді тұтас оқиды;<br>- сұрақтарға толық жауап береді;<br>- мәтінді оқығанда нүктеге тоқтайды;<br>- тірек сөздер арқылы сөйлем құрай алады;<br>күзгі табиғат көріністерін сипаттап айтады;<br>- өтілген тақырып бойынша сөздікпен жұмыс жүргізеді;<br>- қосымша берілген тапсырмаларды өз бетінше орындай алады. | | |
| **Ортасы**<br><br>**Дәптермен жұмыс** | Сөздік жұмысын дәптерлеріне көшіріп жаздыру, оқыту.<br>жадырап – қуанып<br>арттарынан ілескен – артынан ерген | Сөздік жұмысын дәптерлеріне көшіріп жазады, оқиды.<br>жадырап – қуанып<br>арттарынан ілескен – артынан ерген | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сергіту сәті** | Интербелсенді тақтадан сергіту сәтін орындатқызу. | Оқушылар жаттығу жасап сергіп қалады. | | |
| **Оқулықпен жұмыс** | Оқулықтағы берілген тапсырмаларды орындатқызу<br>Күрделіліктің бірінші (төменгі) деңгейіндегі тапсырма<br>Балалар 1 қыргүйекте қайда барады? Сурет бойынша өз сөзіңмен айтып бер.<br>Күрделіліктің екінші (орташа) деңгейіндегі тапсырма<br>Арманның мектепке қалай дайындалғанын мәтіннен тауып оқы.<br>Күрделіліктің үшінші (жоғары) деңгейіндегі тапсырма<br>Арман қандай бала? Өзің Арманның орнында болсаң не істер едің?<br>Мәтінді өз сөзіңмен әңгімелеп бер. | Деңгейлік тапсырмаларды орындайды. | | |
| **Бекіту** | Мәтін туралы сұрақтар қояды.<br>– Бүгін қандай тақырып өттік?<br>– Балалар 1 қыргүйекте қайда барады? | Мұғалімнің көмегімен тапсырманы орындау. | | |
| **Сабақты қорытындылау** | Жаңа сөздерді қайталап кету.<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы бекітіп, қорытындылау. | Жаңа сөздерді оқытады. | | |
| **Үйге тапсырма** | Өлеңді оқып келу.<br>«Гүлшоқ» мәтінін оқу. | | | |

______________________________

*(білім беру ұйымының атауы)*

Бұлбұл мен тоқылдақ. Ш. Смақанұлы

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Бөлім** | Күз – береке | | | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | | | |
| **Күні** | | | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | | **Қатыспағандар саны:** | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Күз мезгілі туралы, күз айларын еске түсіру.<br>Күзгі бақтағы табиғатта болатын өзгерісті сипаттап айту.<br>Күзгі жануарлардың тіршілігі жайлы айту. | | | |
| **Сабақтың мақсаты** | Бұлбұл мен тоқылдақ жайлы мағлұмат беру.<br>*Мысал* сөзінің мағынасын түсіндіру.<br>Бүтін сөздерді қолданып оқу, ал қиын сөздерді оқығанда, буындап оқуды қолдану.<br>Мәтінді мәнерлеп, түсініп оқу. | | | |
| **Сабақтың барысы** | | | | |
| **Сабақтың кезеңі/уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Ұйымдастыру кезеңі** | Қызығушылықты ояту.<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы | Оқушылар сабақтың басталғандығын айтып, мұғаліммен | Бүгінгі сабақтағы қатысқан | Көрнекі суреттер, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br>– Далада қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Дұрыс, айтасыңдар. Күз мезгілі.<br>– Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Тақтада «Күз» тақырыбында сурет беріледі.<br>– Балалар, қазір бізде қандай сабақ?<br>– Оқу және тіл дамыту сабағын оқу бізге не үшін қажет? Оқу және тіл дамыту сабағынан біз нелерді оқып үйренеміз? | амандасады. Оқушылар шеңберде жиналып, мұғаліммен бірге<br>бүгінгі сабаққа сəттілік тілейді.<br>Қойылған сұрақтарға жауап береді. | оқушыларды жинаған жұлдызшалары арқылы бағалайды. | интерактивті тақта, жаңа технологиялық құралдар |
| **Үй тапсырмасы. Өткен сабақты еске түсіру, бекіту** | «Күз» өлеңін түсініп оқыту.<br>Өлеңді оқыту. Өлең бойынша берілген сұрақтар арқылы түсінгендерін сұрау.<br>1) Өлең жылдың қай мезгілі жайлы?<br>2) Күзде ауа райы қалай өзгереді?<br>3) Табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>4) Құстар қай жаққа ұшып кетеді?<br>5) Күзде балалар қайда барады?<br>6) Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?<br>7) Өлеңде күз мезгілін қалай сипаттаған?<br>8) Күз мезгілі несімен ұнайды? | Өлеңді мəнерлеп оқиды.<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға толық жауап береді.<br>Оқып отырған өлең мағынасын түсініп, айтады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Жаңа білім** | Жаңа сабақты бастамас бұрын, бұлбұл мен тоқылдақтың қандай құс екені жайлы әңгіме жүргізеді.<br>Мұғалім мысалды мәнерлеп оқып береді. Оқулықтарын жауып,тыңдайды.<br>Мұғалім мысалдың мазмұнын, түсінгендерін оқушылардан «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы сұрайды.<br>Сөздік жұмысын жүргізеді. | 1-деңгей<br>- сөздерді буындап оқиды;<br>- сурет заттарды танып, сөзді айтады;<br>- алфавиттегі әріптерді таниды;<br>- сөз ішіндегі әріптерді таниды;<br>- күз айларын жатқа біледі.<br>2-деңгей<br>- бүтін сөздерді қолданып оқиды;<br>- қиын сөздерді буындап оқиды;<br>- мұғалімнің қойған сұрақтарына жетекші сөздердің көмегімен жауап береді;<br>- мазмұнды суреттер бойынша мұғалімнің көмегі арқылы әңгі-мелейді.<br>3-деңгей<br>- буындап қосып оқиды;<br>- сөздерді тұтас оқиды;<br>- сұрақтарға толық жауап береді;<br>- тірек сөздер арқылы сөйлем құрайды;<br>- қосымша берілген тапсырма-ларды өз бетінше орындайды. | | |
| **Ортасы Дәптермен жұмыс** | Сөздік жұмысын дәптерлеріне көшіріп жаздырып, оқыту.<br>бұлқыну – ашулану<br>мәңгіру – ауыру | Сөздік жұмысын дәптерлеріне көшіріп жазады, оқиды. | | |
| **Сергіту сәті** | Интербелсенді тақтадан сергіту сәтін орындатқызу. | Оқушылар жаттығу жасап сергіп қалады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Оқулықпен жұмыс** | Оқулықтағы берілген тапсырмаларды орындатқызу.<br><u>Күрделіліктің бірінші (төменгі) деңгейіндегі тапсырма</u><br>Мысалды мұқият тыңда. Тірек сөздерді оқы. Сөйлем құрастыр. Бұлбұл қандай құс? Тоқылдақ қандай құс?<br>*Тірек сөздер:* әнші құс, орман емшісі.<br><u>Күрделіліктің екінші (орташа) деңгейіндегі тапсырма</u><br>Мысалды тыңда, оқы. Бұлбұлдың тоқылдақты жұлқыған тұсын тауып оқы. Бұлбұл неліктен ашуланды? Айтып бер.<br><u>Күрделіліктің үшінші (жоғары) деңгейіндегі тапсырма</u><br>Мысалды рөлге бөліп оқы. Мысалдан не түсіндің?<br>Бұлбұл мен тоқылдаққа мінездеме бер. | Деңгейлік тапсырмаларды орындайды.<br>Сұрақтарға жауап береді. | | |
| **Бекіту** | - Бүгін қандай құстар туралы оқып білгендері жайында сұрақтар қояды. | Әр құсқа қысқаша тоқталып кетеді. | | |
| **Сабақты қорытындылау** | Жаңа сөздерді қайталап кетеді. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы бекітіп, қорытындылайды. | Жаңа сөздерді оқиды. | | |
| **Үйге тапсырма** | Мысалды оқып келу. | | | |

______________________________

*(білім беру ұйымының атауы)*

Ақылшым – мұғалім. Ә. Дүйсенбиев

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім** | Менің мектебім | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Мұғалім әрі маман, әрі оқушыға дос, жанашыр, ақылшы екендігі туралы түсінік беру. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Өлең арқылы мұғалімдерді сыйлауға, құрметтеуге, әрдайым айтқанын тыңдауға және үлкендерге көмекке келуге, кішілерді құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Адам бойындағы жаман және жақсы қасиеттерді өлең жолдарын оқыта отырып түсіндіру.<br>Өлеңде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып, сөздік қорларын кеңейту.<br>Сурет бойынша берілген тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. | |

| Сабақтың барысы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың кезеңі/уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Ұйымдастыру кезеңі** | «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br>Далада қазір жылдың қай мезгілі? Дұрыс, айтасыңдар. Күз мезгілі.<br>Балалар, қазір бізде қандай сабақ? Оқу және тіл дамыту сабағын оқу бізге не үшін қажет? Оқу және тіл дамыту сабағынан біз нелерді оқып-үйренеміз? | Оқушылар сабақтың басталғандығын айтып, мұғаліммен амандасады. Оқушылар мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.<br>Қойылған сұрақтарға жауап береді. | Бүгінгі сабақтағы қатысқан оқушылардың жинаған жұлдызшалары арқылы бағалау. | Көрнекі суреттер, интербелсенді тақта, жаңа технологиялық құралдар |
| **Үй тапсырмасы. Өткен сабақты еске түсіру, бекіту** | «КҮЗ» тарауы бойынша сұрақтар мен тапсырмалар<br>Сұрақтарға жауап алу.<br>Күз айларын ата.<br>Қазір күздің нешінші айы?<br>«Күз», «Қараша» өлеңдерін есіңе түсір. Табиғатты қалай сипаттаған?<br>«Күз» өлеңінің авторы кім?<br>Күзге байланысты жұмбақтарды оқы. | Өтілген сабақты оқушылар оқиды. Түсінгендерін айтады. | | |
| **Жаңа білім** | Оқушыларға өлеңнің тақырыбын оқып беріп, түсіндіріп кетеді.<br>*Мұғалім* сөзінің мағынасын түсіндіреді.<br>Өлеңді мұғалім оқып береді. Оқушыларға оқулықтарын жапқызып, артық заттарды алып тастайды. | 1-деңгей<br>- сөздерді буындап оқиды;<br>- сурет заттарды танып, сөзді айтады;<br>- жеңіл сөздерді, бір буынды сөздерді оқиды.<br>2-деңгей<br>- бүтін сөздерді қолданып оқиды; | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Мұғалім мәтінді оқып болғаннан кейін, оқығаны бойынша мәтіннің мазмұнын айтады.<br>Сөздік жұмысын жүргізу. | - қиын сөздерді буындап оқиды;<br>- мұғалімнің қойған сұрақтарына жетекші сөздердің көмегімен жауап береді;<br>- мазмұнды суреттер бойынша мұғалімнің көмегі арқылы әңгімелейді;<br>- өлеңді мұғалімнің айтуы бойынша қайталап, жаттай алады.<br>3-деңгей<br>- буындап қосып оқиды;<br>- сөздерді тұтас оқиды;<br>- сұрақтарға толық жауап береді;<br>- күзгі табиғат көріністерін сипаттап айтады;<br>- өтілген тақырып бойынша сөздікпен жұмыс жүргізеді;<br>- қосымша берілген тапсырмаларды өз бетінше орындай алады. | | |
| **Ортасы**<br><br>**Дәптермен жұмыс** | Сөздік жұмысын дәптерлеріне көшіріп жаздырып, оқыту.<br>сәбилік – балалық<br>ұғамын – түсінемін<br>ақылшым – ақыл айтатын адам<br>баулитын өмірге – өмірге бейімдейді | Сөздік жұмысын дәптерлеріне көшіріп жазады, оқиды. | | |
| **Сергіту сәті** | Интербелсенді тақтадан сергіту сәтін орындатқызу. | Оқушылар<br>жаттығу жасап, сергіп қалады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Оқулықпен жұмыс** | Оқулықтағы берілген тапсырмаларды орындатқызу<br><u>Күрделіліктің бірінші (төменгі) деңгейіндегі тапсырма</u><br>Өлеңді мұқият тыңда. Сенің мұғалімiңнің есімі кім? Мұғалімің жайлы айтып бер.<br><u>Күрделіліктің екінші (орташа) деңгейіндегі тапсырма</u><br>Мұғалім оқушыларды неге үйретеді? Өз сөзіңмен айт.<br><u>Күрделіліктің үшінші (жоғары) деңгейіндегі тапсырма</u><br>Өлеңді дауыстап оқы. Жаттап ал. | Деңгейлік тапсырмаларды орындайды. | | |
| **Бекіту** | – Бүгін сабақта қандай өлеңмен таныстық? Өлең қалай аталады?<br>– Неліктен өлең «Ақылшым – мұғалім» деп аталады?<br>– Сендер мұғалімдеріңнің айтқан сөздерін мұқият тыңдайсыңдар ма? | Мұғалімнің көмегімен тапсырманы орындау. | | |
| **Сабақты қорытындылау** | – Балалар, әрдайым мұғалімдеріңнің айтқанын мұқият тыңдаңдар! | Оқушылардың ойын, пікірін айтып толықтырады. | | |
| **Үйге тапсырма** | «Ақылшым – мұғалім» өлеңін оқу. | | | |

____________________________________

*(білім беру ұйымының атауы)*

Асыл әдет. Ә. Нұршайықов

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім** | Менің отбасым және достарым | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Әдептілік, достық, адалдық туралы түсініктерін толықтырып, кеңейту | |
| **Сабақтың мақсаты** | Мәтіндерде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып, сөздік қорларын кеңейту.<br>Сурет бойынша берілген тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Әңгімелер арқылы өмірге бейімдеу, үлкендерге көмекке келуге, кішілерді құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Дос болу, достықтың қадірін түсіндіру.<br>Адам бойындағы жаман және жақсы қасиеттерді әңгімені оқыта отырып түсіндіру. | |

| Сабақтың барысы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың кезеңі/уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Ұйымдастыру кезеңі** | Қызығушылықты ояту.<br>Оқушылармен сәлемдесіп, назарларын сабаққа аудару.<br>– Балалар, енді бәріміз мына өлең жолдарын қайталап айтып, орнымызға жайғасайық.<br>Жақсылықтан үйреніп,<br>Боламыз біз жақсы адам.<br>Жамандықтан жиреніп,<br>Үлгі аламыз жақсыдан. | Оқушылар сабақтың басталғандығын түсініп, мұғаліммен амандасады. Оқушылар мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.<br>Қойылған сұрақтарға жауап береді. | Бүгінгі сабаққа қатысқан оқушыларды жинаған жұлдызшалары арқылы бағалау. | Көрнекі суреттер, интербелсенді тақта, жаңа технологиялық құралдар |
| **Үй тапсырмасы.<br>Өткен сабақты еске түсіру, бекіту** | «Қызғаныштың кесірі» мәтінін оқыту.<br>Мәтін бойынша берілген сұрақтар арқылы түсінгендерін сұрау.<br>1) Апасы Назымға не сатып әперді?<br>2) Шынар не үшін Назымға ренжіді?<br>3) Шынар неге үйіне көңілсіз қайтып келді?<br>4) Апасы Назымға не айтты?<br>5) Шынар далаға қайтадан не үшін шықты?<br>6) Әңгіме неліктен «Қызғаныштың кесірі» деп аталған?<br>Әліпбидегі әріптерді дыбысталуы бойынша қайталап кету. | Мәтінді мәнерлеп оқиды.<br>Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға толық жауап береді.<br>Оқып отырған мәтін мағынасын түсініп айтады. | | |
| **Жаңа білім** | «Асыл әдет»<br>Оқушыларға мәтіннің тақырыбын оқып беріп, түсіндіріп кету. | 1-деңгей<br>- сөздерді буындап оқиды; | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Асыл» сөзінің мағынасын түсіндіру.<br>Мәтінді мұғалім оқып береді. Оқушыларға оқулықтарын жапқызып, артық заттарды алып тастайды.<br>Мұғалім мәтінді оқып болғаннан кейін, оқығаны бойынша мәтіннің мазмұнын айтады.<br>Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қояды.<br>Сөздік жұмысын жүргізу. | - суреттегі заттарды танып, сөзді айтады;<br>- жеңіл сөздерді, бір буынды сөздерді оқи алады.<br>2-деңгей<br>- бүтін сөздерді қолданып оқиды;<br>- қиын сөздерді буындап оқиды;<br>- мұғалімнің қойған сұрақтарына жетекші сөздердің көмегімен жауап береді.<br>3-деңгей<br>- буындап қосып оқиды;<br>- сөздерді тұтас оқиды;<br>- сұрақтарға толық жауап береді;<br>- мәтінді оқығанда нүктеге тоқтайды;<br>- тірек сөздер арқылы сөйлем құрай алады;<br>- өтілген тақырып бойынша сөздікпен жұмыс жүргізеді;<br>- қосымша берілген тапсырмаларды өз бетінше орындай алады; | | |
| **Ортасы**<br><br>**Дәптермен жұмыс** | Сөздік жұмысын дәптерлеріне көшіріп жаздырып оқыту.<br>қолғанат – көмекші<br>ықылас – шын көңілімен<br>қолынан сусып – қолынан тайып | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сергіту сәті** | Интербелсенді тақтадан сергіту сәтін орындатқызу. | | | |
| **Оқулықпен жұмыс** | Оқулықтағы берілген тапсырмаларды орындатқызу<br>Күрделіліктің бірінші (төменгі) деңгейіндегі тапсырма<br>Ернұр апасына көмектесуді неден бастап үйренді? Мәтіннен тауып оқы.<br>Күрделіліктің екінші (орташа) деңгейіндегі тапсырма.<br>Сенбі күндері Ернұр апасына қалай көмектесті? Түсінгеніңді айт.<br>Күрделіліктің үшінші (жоғары) деңгейіндегі тапсырма<br>Сен анаңа қандай көмек көрсетесің? Айтып бер. Мәтіннен түсінгеніңді әңгімеле. | Деңгейлік тапсырмаларды орындайды.<br>Сұрақтарға жауап береді. | | |
| **Бекіту** | Бүгін сабақта қандай мәтінмен таныстық? Әңгіме қалай аталады?<br>1) Неліктен әңгіме «Асыл әдет» деп аталады?<br>2) Сен анаңа көмектесетін бе едің?<br>3) Үлкендерге қалай көмектесуге болады? | Мұғалімнің көмегімен тапсырманы орындайды. | | |
| **Сабақты қорытындылау** | – Балалар, үлкендерге қандай көмек көрсетеді екенбіз? | Оқушылардың ойын, пікірін айтып, толықтырады. | | |
| **Үйге тапсырма** | «Асыл әдет» мәтінін оқу. | | | |

______________________________

*(білім беру ұйымының атауы)*

<u>Сәтсіз саяхат (Н. Сералиев)</u>

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім** | Бізді қоршаған әлем | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Жыл мезгілдері туралы білімін кеңейту | |
| **Сабақтың мақсаты** | Мәтіндерде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып, сөздік қорын молайту.<br>Мәтінді оқуға дағдыландыру, сұрақ қою арқылы мазмұндап айтуға машықтандыру.<br>Мәтінді түсініп оқу арқылы ойлау қабілетін дамыту.<br>Адамгершілік қасиеттерін дамыту, тәрбиелеу.<br>Мәтінге сүйене отырып оқушы бойындағы жақсы қасиетті қалыптастыру. | |

| Сабақтың барысы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Ұйымдастыру кезеңі** | Қызығушылықты ояту.<br>Оқушыларға сабақтың басталғандығын айтып, мұғаліммен сәлемдесу.<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br>– Қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Дұрыс айтасыңдар. Қыс мезгілі.<br>Қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>– Балалар, қазір бізде қандай сабақ?<br>– Оқу және тіл дамыту сабағын оқу бізге не үшін қажет? Оқу және тіл дамыту сабағынан біз нелерді оқып-үйренеміз? | Оқушылар сабақтың басталғандығын айтып, мұғаліммен амандасады. Оқушылар мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.<br>Қойылған сұрақтарға жауап береді. | Бүгінгі сабақтағы қатысқан оқушыларды жинаған жұлдызшалары арқылы бағалау. | Көрнекі суреттер, интербелсенді тақта, жаңа технологиялық құралдар |
| **Үй тапсырмасы.<br>Өткен сабақты еске түсіру, бекіту** | «Қыс күні» өлеңін оқыту. Сұрақтарға жауап беру.<br>1) Өлең жылдың қай мезгілі жайлы?<br>2) Қар қалай жауып тұр?<br>3) Балалар шаңғыларын алып қайда шықты?<br>4) Балалардың кім болғысы келеді?<br>5) Балалардың көңіл күйлері қандай?<br>6) Қыс мезгілі оларды неге үйретеді?<br>7) Қыс табиғаты туралы әңгімелеп бер. | Оқушылар өткен тақырыптарды сұрақтарға жауап беру арқылы естеріне түсіріп, айтып береді. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Жаңа білім** | Сәтсіз саяхат мәтінін оқудан бұрын оқушылармен кіріспе әңгіме жүргізу.<br>– Балалар, ит қандай жануарға жатады?<br>– Үй жануары.<br>Мәтінді мұғалім мәнерлеп оқып береді. Оқулықтарын жауып, тыңдайды.<br>Мәтінді оқушылардың оқуы.<br>Мұғалім мәтін мазмұнын, түсінгендерін оқушылардан «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы сұрайды.<br>Демалыс күні Тұраш пен Сапар қайда барды?<br>1) Кинодағы қандай көрініс балаларға ұнады?<br>2) Сапар неліктен қуанып кетті?<br>3) Иттердің аттары қандай?<br>4) Иттер бір-бірін көргенде не істеді?<br>5) Екі итті кім ажыратып алды?<br>6) Дәукен қарт балаларға не деп күлді? | 1-деңгей<br>- сөздерді буындап оқиды;<br>- бір-екі буынды сөздерді оқи алады;<br>- мәтіннен қысқа берілген жолды тауып оқи алады.<br>2-деңгей<br>- жеңіл сөздерді тұтас оқиды;<br>- мәтіннен керекті жолды тауып оқи алады;<br>- кейіпкерлердің кинодан шыққандағы сезімін айтып береді.<br>3-деңгей<br>- сөздерді буындап, тұтас оқи алады;<br>- мәтінді мәнерлеп оқиды;<br>- мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап бере алады.<br>- мәтін тақырыбының мазмұнын ашып бере алады. | | |
| **Ортасы**<br><br>**Дәптермен жұмыс** | Сөздік жұмысын дәптерлеріне көшіріп жаздырып, оқыту.<br>Ит жегу – иттің шананы тартып жүргізуі | Дәптерге сөздік жұмысын көшіріп жазады, оқиды. | | |
| **Сергіту сәті** | Интербелсенді тақтадан сергіту сәтін орындатқызу. | Оқушылар<br>жаттығу жасап сергіп қалады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Оқулықпен жұмыс** | Оқулықтағы берілген тапсырмаларды орындатқызу<br>Күрделіліктің бірінші (төменгі) деңгейіндегі тапсырма<br>Тұраш пен Сапардың иттері қандай? Мәтіннен тауып оқы.<br>Күрделіліктің екінші (орташа) деңгейіндегі тапсырма<br>Мәтінді оқып шық. Тұраш пен Сапардың кинодан шыққандағы сезімдерін өз сөзіңмен айт.<br>Күрделіліктің үшінші(жоғары) деңгейіндегі тапсырма<br>Мәтінді түсініп оқы. Неліктен мәтін «Сәтсіз саяхат» деп аталған? Әңгімеле. | Деңгейлік тапсырмаларды орындайды. | | |
| **Бекіту** | – Бүгін сабақта қандай мәтінмен таныстық? Мәтін қалай аталады?<br>– Неліктен мәтін «Сәтсіз саяхат» деп аталған?<br>– Мәтін кейіпкерлерін атап шығыңдар.<br>– Мәтіннен нені үйренуге болады? | Мұғалімнің көмегімен тапсырманы орындайды. | | |
| **Сабақты қорытындылау** | Жаңа сөздерді қайталап кету.<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы бекітіп, қорытындылау. | Оқушылардың ойын, пікірін тыңдау, толықтыру. | | |
| **Үйге тапсырма** | «Сәтсіз саяхат» мәтінін түсініп оқу. | | | |

_______________________________

*(білім беру ұйымының атауы)*

Түлкі мен тиін. (Ә. Асылбеков)

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім** | Бізді қоршаған әлем | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Өлеңдерді мәнерлеп оқуға, мазмұнын жүйелі айта білуге, өлеңнің негізгі ойын тауып, өлеңнің қай түріне жататынын анықтай білу. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Ой-өрісін дамыту, өздігінен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту, өз ойларын ашық айта білуге, дұрыс қорытынды жасай білуге үйрету.<br>Мақтаншақтық әдеттен аулақ болуға тәрбиелеу, адамгершілік қасиеттерге баулу.<br>Оқыған мәтін, өлеңдері бойынша қойылған сұрақтарға толық және түсінікті жауап бере білу.<br>Тұтас сөздерді қолданып оқу, ал қиын сөздерді оқығанда, буындап оқуды қолдану.<br>Өтілген тақырыптардағы жаңа сөздерді толықтыру арқылы оқушылардың тіл байлығын, сөздік қорын, танымдық қабілеттерін дамыту. | |

| Сабақтың барысы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың кезеңі/уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Ұйымдастыру кезеңі** | Қызығушылықты ояту.<br>Оқушыларға сабақтың басталғандығын айтып, мұғаліммен сәлемдесу.<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br>– Қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Дұрыс айтасыңдар. Көктем мезгілі.<br>– Көктем мезгілінде неше ай бар?<br>– Қандай? Атап беріңдерші.<br>– Көктем мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>– Балалар, қазір бізде қандай сабақ?<br>– Оқу және тіл дамыту сабағын оқу бізге не үшін қажет?<br>– Оқу және тіл дамыту сабағынан біз нелерді оқып-үйренеміз? | Оқушылар сабақтың басталғандығын айтып, мұғаліммен амандасады. Оқушылар мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.<br>Қойылған сұрақтарға жауап береді. | Бүгінгі сабақтағы қатысқан оқушыларды жинаған жұлдызшалары арқылы бағалау. | Көрнекі суреттер, интербелсенді тақта, жаңа технологиялық құралдар |
| **Үй тапсырмасы. Өткен сабақты еске түсіру, бекіту** | «Түсіне қарама» мәтінін оқыту. Мәтін бойынша түсінгендерін жетекші сұрақтардың көмегімен сұрау.<br>1) Балаларды ұйқысынан қандай құстың үні оятты?<br>2) Олар не үшін әкесіне бұлбұлды ұстатпақшы болды?<br>3) Әкесі балаларынан не сұрады?<br>4) Балалар бұлбұлды қандай құспен шатастырды? | Өтілген тақырыпты оқушылар сұрақтарға жауап беру арқылы естеріне түсіріп айтып береді. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 5) Әкесі балаларына не деп ақыл айтты?<br>Өткен сабақты бекіту. | | | |
| **Жаңа білім** | Оқушылармен кіріспе әңгіме жүргізу.<br>Түлкі мен тиін туралы не білеміз?<br>Мысалды мұғалім мәнерлеп оқып береді. Оқушылар оқулықтарын жауып, тыңдайды.<br>Мұғалім өлеңді мазмұнын, түсінгендерін оқушылардан «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы сұрайды.<br>Сөздік жұмысын жүргізу.<br>маң – жақын жер<br>тайраңдау – мақтану<br>жайрады – жем болды<br>айла – амал | Өлеңді оқушылар оқиды.<br>1-деңгей<br>- сөздерді буындап оқиды;<br>- бір-екі буынды сөздерді оқи алады;<br>- жыл мезгілін ажырата алады.<br>2-деңгей<br>- жеңіл сөздерді тұтас оқиды;<br>- өлеңнен керекті шумақты тауып оқи алады;<br>- көктем мезгілі туралы және көктемдегі ауа райы туралы айта алады, берілген үлгі бойынша қойылған сұраққа жауап береді,<br>тақырып бойынша белсенді сөздік қорды меңгереді;<br>- көктемгі өзгерістерді теріп айтып береді.<br>3-деңгей<br>- сөздерді буындап, тұтас оқиды;<br>- өлеңді мәнерлеп оқиды;<br>- өлең мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді;<br>- өлең тақырыбының мазмұнын ашып береді. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Ортасы**<br><br>**Дәптермен жұмыс** | Сөздік жұмысын дәптерлеріне көшіріп жаздырып, оқыту.<br>маң – жақын жер<br>тайраңдау – мақтану<br>жайрады – жем болды<br>айла – амал | Дәптерге тапсырманы орындай-ды, оқиды. | | |
| **Сергіту сәті** | Интербелсенді тақтадан сергіту сәтін орындатқызу. | Оқушылар жаттығу жасап сергіп қалады. | | |
| **Оқулықпен жұмыс** | Оқулықтағы берілген тапсырмаларды орындатқызу.<br>Күрделіліктің бірінші (төменгі) деңгейіндегі тапсырма.<br>Мысалдағы аңдардың атын оқы.<br>Орманда мекендейтін тағы қандай аңдарды білесің?<br>Күрделіліктің екінші (орташа) деңгейін-дегі тапсырма.<br>Мысалды рөлге бөліп оқы. Суретке қарап түлкі мен тиінді сипаттап бер.<br>Күрделіліктің үшінші (жоғары) деңгейіндегі тапсырма.<br>Мысалды мәнерлеп, түсініп оқы.<br>Қандай жақсы қасиеттерді бойымызға алдық? | Оқушылар мәтінді тізбектей оқу әдісі бойынша оқиды.<br><br>Деңгейлік тапсырмаларды орындайды. | | |
| **Бекіту** | Тиін мен түлкіні сипаттап беріңдер. | Тиін мен түлкіге сипаттама береді.<br>Тиін – момын, ешкімге зияны жоқ. Жаңғақ, саңырауқұлақ жей-ді. Пысық. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақты қорытынды-лау** | Жаңа сөздерді қайталап кету. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы бекітіп, қорытындылау. | Жаңа сөздерді қайталап кету. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қорытындылау. | | |
| **Үйге тап-сырма** | Өлеңді мәнерлеп, түсініп оқып келу. Оқулықта берілген тапсырмаға, сұрақ-тарға жауап беру. | | | |

__________________________________

*(білім беру ұйымының атауы)*

Ана пейілі. (А. Ормантаев)

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім** | Бізді қоршаған әлем | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Оқу бағдар-ламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Оқушыларға ананың балаға деген махаббатының шексіздігін, оның адам өміріндегі орнының ерек-ше екенін түсіндіру. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Аналарға деген сүйіспеншілік сезімін ояту, ана еңбегін ардақтап, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Оқыған мәтін, өлеңдері бойынша қойылған сұрақтарға толық және түсінікті жауап бере білу.<br>Тұтас сөздерді қолданып оқу, ал қиын сөздерді оқығанда буындап оқуды қолдану.<br>Өтілген тақырыптардағы жаңа сөздерді толықтыру арқылы оқушылардың тіл байлығын, сөздік қо-рын, танымдық қабілеттерін дамыту. | |

| Сабақтың барысы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың кезеңі/уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Ұйымдастыру кезеңі** | Оқушыларға сабақтың басталғандығын айтып, мұғалімнің сәлемдесуі.<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы оқушылардың назарын сабаққа аудару.<br>– Қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Дұрыс айтасыңдар. Көктем мезгілі.<br>– Көктем мезгілінде неше ай бар?<br>– Қандай? Атап беріңдерші?<br>– Көктем мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>– Балалар, қазір бізде қандай сабақ? | Оқушылар сабақты түсінеді, мұғаліммен амандасады. Оқушылар мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.<br>Қойылған сұрақтарға жауап береді. | Бүгінгі сабақтағы қатысқан оқушыларды жинаған жұлдызшалары арқылы бағалау. | Көрнекі суреттер, интербелсенді тақта, жаңа технологиялық құралдар |
| **Үй тапсырмасы**<br>**Өткен сабақты еске түсіру, бекіту** | «Түлкі мен тиін» мысалын оқыту.<br>Мәтін бойынша түсінгендерін жетекші сұрақтардың көмегімен сұрау.<br>Өткен сабақты бекіту. | Өлеңді мәнерлеп оқиды.<br>Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға толық жауап береді.<br>Оқып отырған өлең мағынасын түсініп, айтады. | | |
| **Жаңа білім** | «Ана пейілі»<br>Оқушылармен кіріспе әңгіме жүргізу.<br>Ана әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы. Баласы үшін жанын да аямайтын ардақты да, абзал ана! | 1-деңгей<br>- сөздерді буындап оқиды;<br>- бір-екі буынды сөздерді оқи алады;<br>- жыл мезгілін ажырата алады.<br>2-деңгей<br>- жеңіл сөздерді тұтас оқиды; | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Мәтінді мұғалім мәнерлеп оқып береді. Оқушылар оқулықтарын жауып, тыңдайды.<br>Мәтінді оқушылардың оқуы.<br>Мұғалім мәтін мазмұнын, түсінгендерін оқушылардан «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы сұрайды.<br>Сөздік жұмысын жүргізу.<br>пейіл – көңіл<br>зақымдау – жаралау | - мәтіннен керекті жолды тауып оқиды;<br>- көктем мезгілі туралы және көктемдегі ауа райы туралы айтып береді;<br>- берілген үлгі бойынша қойылған сұраққа жауап береді;<br>- көктемгі өзгерістерді теріп айтып береді.<br>3-деңгей<br>- сөздерді буындап, тұтас оқиды;<br>- мәтінді мәнерлеп оқиды;<br>- мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап бере алады. | | |
| **Ортасы**<br><br>**Дәптермен жұмыс** | Сөздік жұмысын дәптерлеріне көшіріп жаздырып, оқыту.<br>пейіл – көңіл<br>зақымдау – жаралау | Дәптерге тапсырманы орындайды. | | |
| **Сергіту сәті** | Интербелсенді тақтадан сергіту сәтін орындатқызу. | Оқушылар жаттығу жасап, сергіп қалады. | | |
| **Оқулықпен жұмыс** | Оқулықтағы берілген тапсырмаларды орындатқызу.<br><u>Күрделіліктің бірінші (төменгі) деңгейіндегі тапсырма</u><br>Мәтінді тыңда. Мәтіндегі балалардың есімін атап шық.<br><u>Күрделіліктің екінші (орташа) деңгейіндегі тапсырма</u> | Оқушылар мәтінді «Тізбектей оқу» әдісі бойынша оқиды.<br><br>Деңгейлік тапсырмаларды орындайды. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Алмастың анасына еркелеп айтқан сөзін тауып оқы.<br><u>Күрделіліктің үшінші (жоғары) деңгейіндегі тапсырма</u><br>Самат, Жанар, Алмас үшеуінің сөзін тауып, кезектесіп оқыңдар. | | | |
| **Бекіту** | Есте сақта!<br>Ана – кішіпейіл.<br>Ана – қамқоршы.<br>Ана – мейірімді.<br>Ана – жанашыр.<br>Ана – кеңпейілді.<br>Ана – кешірімді. | Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар.<br>Тіл дамыту жұмысын жүргізеді. | | |
| **Сабақты қорытынды-лау** | Жаңа сөздерді қайталап кету.<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы бекітіп, қорытындылау. | Мұғалімнің көмегімен тапсырманы орындайды. | | |
| **Үйге тапсыр-ма** | Мәтінді мәнерлеп, түсініп оқып келу.<br>Оқулықта берілген тапсырмаға, сұрақ-тарға жауап беру. | Оқушылардың ойын, пікірін тыңдайды, толықтырады. | | |

______________________________

*(білім беру ұйымының атауы)*

<u>Бесік жыры. М. Жұмабаев</u>

*(сабақтың тақырыбы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім** | Салт-дәстүр. Мерекелер | |
| **Педагогтің аты-жөні** | | |
| **Күні** | | |
| **Сынып:** | **Қатысушылар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | Салт-дәстүрлерді ұстану, бесік жырының мағынасын түсіндіру. | |
| **Сабақтың мақсаты** | Өлең арқылы өмірге бейімдеу, үлкендерге көмекке келуге, кішілерді құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Адам бойындағы жаман және жақсы қасиеттерді өлең жолдарын оқыта отырып түсіндіру.<br>Өлеңде кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсіндіре отырып, сөздік қорларын кеңейту.<br>Сурет бойынша берілген тапсырмаларды орындату арқылы оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. | |

| Сабақтың барысы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың кезеңі/уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| **Ұйымдастыру кезеңі** | Психологиялық дайындық.<br>Үлкенді тыңдаймыз,<br>Кішілерді сыйлаймыз.<br>Жүректердің жылуын<br>Бір-бірімізге сыйлаймыз. | Оқушылар суретке қарап бір-біріне тілек айтады<br>Шын жүректен! Гүлдей жайна! Күндей күлімде! Жұлдыздай жарқыра! Аспандай ашық бол! т.б. | Бүгінгі сабақтағы қатысқан оқушыларды жинаған жұлдызшалары арқылы бағалау. | Көрнекі суреттер, интербелсенді тақта, жаңа технологиялық құралдар |
| **Үй тапсырмасы.**<br>**Өткен сабақты еске түсіру, бекіту** | «САЯХАТ» тарауы бойынша сұрақтар мен тапсырмалар<br>«Туған жерге саяхат» өлеңінде бала өскенде кім болғысы келеді? Өлеңнен тауып оқы.<br>Туған жер дегенді қалай түсінесіңдер? Айтып беріңдер.<br>Орманшы деп кімді айтады?<br>Ол қандай жұмыс атқарады?<br>Алматы қаласы жайлы не білесің?<br>Алматыда қандай алма өседі? | Қойылған сұрақтарға жауап береді. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Жаңа білім** | **«Бесік жыры»**<br>«Бесік жырын» оқымас бұрын<br>«Бесік жыры» сөзінің мағынасын түсініп алайық.<br><br>Бесік жыры – тұрмыс-салт жырларының көне түрінің бірі. Әлемде бесік жырын айтпайтын халық жоқ. .<br>Оқушыларға өлеңнің тақырыбын оқып беріп, түсіндіріп кету.<br>Өлеңді мұғалім оқып береді. Оқушыларға оқулықтарын жапқызып, артық заттарды алып тастайды.<br>Мұғалім мәтінді оқып болғаннан кейін, оқығаны бойынша мәтіннің мазмұнын айтады.<br>1) Бесік деген не?<br>2) Бесікті не үшін пайдаланады?<br>3) Далада ауа райы қандай?<br>4) Баланы неге теңеп еркелеткен?<br>Бесікті кім тербетеді? | 1-деңгей<br>- сөздерді буындап оқиды;<br>- бір-екі буынды сөздерді оқи алады;<br>- мәтіннен қысқа берілген жолды тауып оқи алады.<br>2-деңгей<br>- жеңіл сөздерді тұтас оқиды;<br>- мәтіннен керекті жолды тауып оқи алады;<br>- кейіпкелердің кинодан шыққандағы сезімін айтып береді.<br>3-деңгей<br>- сөздерді буындап, тұтас оқи алады;<br>- мәтінді мәнерлеп оқиды;<br>- мәтіннің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап бере алады.<br>- мәтін тақырыбының мазмұнын ашып бере алады. | | |
| **Ортасы**<br><br>**Дәптермен жұмыс** | Сөздік жұмысын дәптерлеріне көшіріп жаздырып, оқыту.<br>бесік – нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек<br>бөпе – жаңа туылған бала<br>тыста – далада | | | |
| **Сергіту сәті** | Интербелсенді тақтадан сергіту сәтін орындатқызу. | Оқушылар<br>жаттығу жасап сергіп қалады. | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Оқулықпен жұмыс** | Оқулықтағы берілген тапсырмаларды орындатқызу.<br><ins>Күрделіліктің бірінші (төменгі) деңгейіндегі тапсырма</ins><br>Бесікке кімді бөлейді? Сурет бойынша айтып бер.<br><ins>Күрделіліктің екінші (орташа) деңгейіндегі тапсырма</ins><br>Бесікке бөленген баланы нелерге теңеген? Өлеңнен тап, оқы.<br><ins>Күрделіліктің үшінші (жоғары) деңгейіндегі тапсырма</ins><br>Бесікті көргендерің бар ма? Бесік туралы не білесің? Әңгімеле. | Деңгейлік тапсырмаларды орындайды. | | |
| **Бекіту** | – Бүгін сабақта қандай өлеңмен таныстық? Өлең қалай аталады?<br>– Не үшін «Бесік жыры» әнін айтады?<br>– Сен өзіңнен жасы кішілерге қамқорсың ба және оларға бесік жырын айтасың ба?<br>«Әй-әй, бөпем, әй, бөпем» өлеңін тыңдау. | Мұғалімнің көмегімен тапсырманы орындау. | | |
| **Сабақты қорытындылау** | – Балалар, кішкентайларға қалай қамқор болады екенбіз? | Оқушылардың ойын, пікірін тыңдау, толықтыру. | | |
| **Үйге тапсырма** | «Бесік жыры » өлеңін оқу. | | | |

Сабақ жоспарының аталған тармақтары міндетті болып табылады. Педагог пәннің ерекшелігі мен оқушылардың қажеттілігіне қарай қосымша элементтер енгізуге құқылы.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аксенова А. К. Обучения русскому языку в специальной (коррекционный) школе. – Москва, 2000.

2. Сулейменова Р. А. Калиева А. С. Оспанова А. Е. «Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған оқу мен тіл дамытуға арналған әдістемелік құрал». – Алматы, 2020.

3. Петрова В. Г. Развитие речи учащихся вспомогательной школы. Москва: Педагогика, 1997.

4. А. Г. Зикеев. Формирование и коррекция речевого развития учащихся начальных классов. Пособие для педагога дефектолога. – Москва, 2013.

5. Бозжанова К. «Кіші жастағы оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру». – Алматы, 1999.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе ........ 3
Оқулықты оқу үдерісінде пайдалану ерекшеліктері ........ 4
Арнайы мектептің 4-сыныбындағы зерде даму бұзылыстары бар оқушыларға оқу және тіл дамытуды оқытудың әдістемелік ерекшеліктері ........ 6
Арнайы мектепте көркем шығармалардың түрлерін оқыту әдістемесі ........ 12
Арнайы білімберу ұйымдарының педагогіне арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар ........ 18
*2-қосымша*
4-Сыныпқа арналған оқу және тіл дамыту пәні бойынша жоба оқу мақсаттары бойынша күтілетін нәтиже ........ 47
*3-қосымша*
«Өзім туралы» ортақ тақырыбының технологиялық картасының үлгісі ........ 54
*4-қосымша*
«Оқу және тіл дамыту» пәні бойынша оқу жетістігінің картасы.... 63
*5-қосымша*
«Оқу және тіл дамыту» пәні бойынша оқушының жетістігі туралы үлгілік кесте ........ 64
Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған сабақ жоспары немесе қысқа мерзімді жоспар ........ 67
Пайдаланылған әдебиеттер ........ 99

Оқу басылымы

**Сүлейменова Роза Айтжановна**
**Алтыбаева Акерке Болатовна**
**Калиева Айнаш Советовна**
**Турсунова Лейла Владимировна**

**ОҚУ ЖӘНЕ ТІЛ ДАМЫТУ**

Зерде бұзылыстары бар балаларға
арналған арнайы мектептердің
(сыныптардың) 4-сыныбына арналған
әдістемелік құрал

Редакторы Г. Ж. Есенжолова
Компьютерде беттеген Э. А. Айтқұлова

Басуға 25.05.2021 қол қойылды.
Есептік баспа табағы 6,25. Шартты баспа табағы 5,81.
Пішімі 60х84 $^{1}/_{16}$. Офсеттік қағаз